

ТҰРҒЫНДАРҒА КЕЗЕКПЕН ПӘТЕР БЕРІЛДІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



НӘЛІБАЕВ БРИФИНГІ:

ӘҢГІМЕНІҢ АНЫҒЫ, ҚАУЕСЕТТІҢ ШЫНДЫҒЫ

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде биылғы жылы аймақтың экономикалық-әлеуметтік даму барысы туралы брифинг берді.

Брифингте облыс әкіміне сұрақ қою үшін 60-тан астам журналист кезекке тұрды, әрі олардың сұрақтары аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың 30 минут уақытқа тарта жасаған баяндамасында айтылғандардан бөлек, тыс, ел ішінде көп айтылып, сұрақ болып жүрген, әлеуметтік желіде талқыланып жүрген тақырыптар аясында болды.



ауада демалсын деген ниетпен сол лагерді сол жерге орналастырдық. Соның қасында 5 гектар жерге Ботаникалық саябақ орналасуда. Ол 5 млрд. теңге. Бұл екі нысан алдағы наурыз айында ел игілігіне пайдалануға беріледі. Сосын тағы өңірімізде жетіспейтіні - 5 жұлдызды қонақ үйі. Біз инвестор тауып, қазір 20 млрд. теңгеге сол жерден бес жұлдызды қонақ үй салып жатырмыз. Сондай-ақ 15 заманауи, 9 қабаттан тұратын жаңа үйлер салынып жатыр. Мұның барлығы жүзеге асқан кезде ол парк біздің қызылордалықтардың әдемі демалатын орнына айналады деп сенемін. 9 млрд. теңгеге қала мен паркті байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі салынады. Енді бұл паркті жаңғыртуға бөлінген қаржы әлеуметтік желіде талқыланды. Қымбат емес пе деген пікірлер болды. Парктің өзіне 14 млрд. 900 млн. теңге қаржы кетуде. Оның ішінде ойын, спорт алаңдары, «Колесо» бар, балаларға, тұрғындарға арналған жағдайдың бәрі жасалған. Ұзындығы 120 метр музыкалық фонтан да бар. Өте сапалы болады деп уәде беремін. Біткен кезде көресіздер. Парк жылдың аяғына дейін бітеді. Ал екі ғимараттың игілігін ел наурыз айында көреді.

Мемлекеттің әрбір қаражаты тиімді жұмсалады. Әрі сапалы жұмыс жасалатын болады. Мемлекеттік сараптамадан өткен. Артық қаражат жобаланбаған. Сапалы жұмыс, әрине арзан тұрмайды. Ұзақ уақыт ел игілігіне жұмыс жасайтын болады.

Парк үшін де көгалдандыратын боламыз. Ол да қарастырылған. Біз сапаға қатты көңіл бөледеміз.

- Байқоңыр қаласындағы ірі кәсіпорындар мен негізгі мекемелерде Ресей азаматтары жұмыс істейтіні белгілі. Статистика бойынша сонғы жылдары олардың саны азаюда. Ресейге көшу белең алған. Ресейліктер саны азайған жағдайда Байқоңыр қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай күйде болады? Сіздер осы сценарийге дайынсыздар ма?

- Әрине, біз Үкіметпен бірге, тиісті министрлік бар, Аэроғарыш комитеті бар, бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз. Барлығына дайын болуымыз керек.

Қазіргі таңда жаппай көшіп жатқан жағдай жоқ. Біркалыпты жұмыс жасап жатыр. Біз Байқоңыр қаласының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз. Соңғы жылдары мектеп салынууда. Тәуелсіздік жылдары салынған бес мектептің төртеуі қазақ тілінде, Біреуі аралас, орыс-қазақ тілінде. Балабақша салынды. Бұрынғы балабақшаларды қайтарып алып, күрделі жөндеуден өткізіп, қайтадан балабақша ретінде ашып жатырмыз.

Биыл ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл болды. Соған тарту есебінде үлкен

спорт кешенін салып бердік. 12 млрд. теңгеге ауыз су жеткізу, көріз желілерін қайта жаңғырту жобасы бойынша Үкіметтен тиісті қаражат бөлінген. Қалған 10 млрд. мемлекеттік қордан бөлінді. Қазір ауыз су, көріз жүйелері қайта жаңғыртудан өтуде. Аурухана жұмысын да қадағалап отырмыз. Ресей азаматтары болады ма, өз азаматтарымыз болады ма, оларға сапалы қызмет көрсетуіміз, жайлы жағдай жасауымыз керек. Байқоңырдың қасында Ақай, Төретем кенттері бар. Олардың да дамуына көңіл бөліп отырмыз. Өйткені жанындағы ауылдар қаламен бірігіп кеткен десе де болады. Шекаралас. Оларда да спорт кешендер, мектеп салынды. Өткен жылы ғана көгілдір отын апардық. Ауыз су жаңғыртылды. Ерген ол жерде жұмыс орны азайғанның өзінде де біз Төретамады, Ақайды дамытып жатырмыз. Сол жерлерде жаңа жұмыс орындары ашылатын болады. Байқоңырда да қазір жоспарларымыз бар. Үкіметпен бірге оны пысықтап жатырмыз.

- Қазір азық-түлік мәселесі өткір болып отыр. Өңірде ет бағасы қаншадан? Жалпы өңірде азық-түлікпен қамтылуы қандай?

- Бізде 19 тауарды үнемі бақылап отырамыз. Қазір баға тұрақты. Өйткені, өңір ауылшаруашылығына бейімделгендіктен мал шаруашылығы да қатар дамыған. Басқа өңірлермен салыстырар болсақ, ең қажетті деген азық-түлік бағасының (19 түрлі) төмендігі жағынан бесінші орындамыз. Бұған үнемі бақылау жасаймыз.

- Қорқыт Ата әуежайына қатысты сұрақ бар. Әуежай 21 млрд.-қа салынды. Оның 16 млрд.-тан астамы инвестор қаржысы. Алайда әуежай табысы өте аз. Былтырғы жылы бар болғаны 5 млн. теңге табыс тапқан. Биыл табысы қанша болады? Шығынға шықпайды ма? Әуежайды алғысы келетін инвестор бар ма? Жаңалықтардан естігеніміз вьетнамдық компанияның қызығушылығы бар.

- Әуежай құрылысына 21 млрд.-тай қаражат кетті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Б.Өтемұратов қоры 16 млрд. 700 млн. теңгедей өз қаражаттарын салды. Біз облыстық бюджеттен 4 млрд. 300 млн. теңгедей қаражат бөлдтік. Инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге. Қазір әуежай толық, сапалы қызмет жасап тұр. 2024 жылдың 14 қарашасында іске қосылды. Әуежайға мемлекеттен ешқандай субсидия берілмейді. Өз-өзін ақтайды. Әрине, табысы аз. Өйткені сұранысқа қарай рейстер аз. Қазір Алматы, Астана қалаларына рейс қатынайды. Аптасына 29-дай рейс. Жаз айларында Стамбулға, Антальяға рейстер аштық. Ол тек мамыр айынан қыркүйек айына дейін. Алдағы уақытта да біз әуежай жұмысын күшейтеміз. Жаңа рейстер ашуға жұмыс жасаймыз. Шымкент қаласында «Оңтүстік аспаны» деген компания бар, солармен бірігіп «Шымкент-Қызылорда-Ақтөбе-Орал» қалаларына да рейстер ашқанбыз.

Бірақ сұраныс жоқ. Қайта тоқтатылды. Мұның барлығы сұранысқа байланысты. Әрине әуежай мүмкіндігі мол. Жылына 2 млн.-ға дейін жолаушы қабылдап, соған қызмет көрсете алады. Вьетнам компаниясымен жұмыс жасадық. Бірақ олардың ұсыныстары бізге ұнаған жоқ. Біздің әуежайдың қазір ешкімге қарызы жоқ. Өз-өзін ақтап отыр. Аз ғана болса да айына 5 млн. пайда табады. Ешқандай субсидия беріп жатқанмыз жоқ. Вьетнамдық компания алғашқы кезде қосымша қаражат, субсидия бөледі сұрады. Ол бізге тиімсіз. Басқа да инвесторларды қарастырып жатырмыз. Бірінші мемлекет үшін тиімді болу керек. Қарызысыз жұмыс жасап тұрған әуежайды субсидиямен басқа компанияға қалай береміз?

- Қызылордада уран өндіріп жатқан аудандарда халық радиацияға алаңдайды. Өйткені жақын ауылдарда онкологиялық тыныс жолдары ауруларының өсіп отырғаны байқалады. Бұған қатысты тәуелсіз мониторинг сонғы рет қашан жүргізілді? Неге компаниялардың экологиялық есебі халық үшін толық ашық емес?

- Тәуелсіз мониторинг үнемі жүргізіледі. Бізде Шиелі мен Жаңақорғанда уран өндіріледі. Негізінен басым бөлігі Жаңақорған ауданында. «Қазатомпром» компаниясы айналысып жатыр. Олар зерттеулерді жылда жүргізеді. Одан бөлек Экология министрлігі зерттеулер жүргізеді. Оның үстіне аудан орталықтарында да радиация өлшегіштер тұр.

Бұл сұрақ 2008-ші жылдарда да көтерілген. Сол кездері арнайы мамандарды жіберіп, Алматы, Шиелі, Жаңақорғанның радиациясын өлшегенбіз. «Қазатомпром» компаниясымен бірге. Сол кездері де біздің аудандарда Алматыдан төмен болды. Сосын біз өлшегіштерді екі аудан орталығына қойдық. Көрсетіп тұр. Алаңдайтын жағдай жоқ. Онкологиямен ауыратындар тек уранға байланысты емес. Оны да Денсаулық, Экология Министрліктері қарап отыр. Біздің көрсеткіштеріміз жаман емес.

36 млрд. 400 млн. теңгеге көп салалы, онкологиялық орталығы бар үлкен аурухана құрылысы қарқынды жүруде. Қазір 20 млрд. теңгесі игерілді. Келесі жылы құрылысы аяқталып, ел игілігіне беріледі. Одан бөлек, бізде «Қазастан Халқына» қорымен меморандум бойынша алдағы қаңтар, ақпан айларында онкологиялық ауруларды алдын-ала анықтайтын 4 млрд. теңгеге медициналық аппарат қойылады.

Енді ол өндіріс орындарында қаншама адам жұмыс жасап жатыр. Олар салық төлеп жатыр. Әрі айналага соншалықты радиациялық әсері жоқ деп айта аламын. Елдің арасында да «зардабын шегіп жатырмыз» деген артық әңгіме жоқ. «Осыдан ауру көбейіп кетті» деген бірде-бір әңгіме естігенім жоқ, шынын айтсам.

Ауданды жні аралаймын, халықпен кездесемін, мұндай мәселе жоқ.

3-бетте



"ҚАМЫСТЫБАСҚА" ГАЗ ЖЕТТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Арал ауданына іс сапары барысында ауданда автоматты газ тарату станциясы жұмысын бастап, Қамыстыбас елді мекеніне табиғи газ қосу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты, көгілдір отын игілігіне қол жеткізген қамыстыбастықтарды құттықтап, инфрақұрылым жеткізу саласындағы жетістіктерге тоқталды.

- «Мемлекет басшысы: «Үкімет газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге

мүмкіндік береді», – деп тапсырған болатын.

Бүгінде мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық мақсатының бірі – ауылдарды дамыту. Үкімет пен облыс өкімдеріне қолдау тетіктерін тиімді және мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру, экономикасын жоғары көрсеткіштерге жеткізу міндеті жүктелген.

Сыр өңірінде халық саны 845 мың адам болса, оның 447 мыңы, яғни 53 %-ы ауылда тұрады. Аймақтың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінде өсім бар. «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында ауқым-

ды жұмыс атқарылуда», – деді Н.Нәлібаев.

Автоматтандырылған газ тарату станциясы Арал ауданына қарасты 18 елді мекендегі 15 мыңға жуық халыққа кезең-кезеңімен көгілдір отын жеткізуге мүмкіндік береді.

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, елдің игілігі үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады.

Қызылорда облысында 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болған еді, 2022-2025 жылдар аралығында 65 млрд. 100 млн. теңгеге 77 жоба жүзеге асырылды. Осылайша биылғы газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті.

ҚОҒАМДЫҚ МЕДИАТОРЛАР ТІЗІМІ

№	Округ / Елді мекен	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Медиацияны жүзеге асыратын тілі	Мекен-жайы	Байланыс деректері
1.	Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі	Белгибаев Бисенбай Султанбаевич	Ардагерлер Кеңесінің төрағасы (ауыл тұрғыны, зейнеткер)	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Ж.Маханбетов ауылы, Н. Өткелбаев к-сі, №14 үйі	-
2.	Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі	Абуов Омирсерик Абуович	Ардагерлер Кеңесінің мүшесі (ауыл тұрғыны, зейнеткер)	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Ж.Маханбетов ауылы, О. Жәкенов к-сі, №34 үйі	-
3.	Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі	Нарикбаева Жамила Умерзаховна	Ардагерлер Кеңесінің мүшесі (ауыл тұрғыны, зейнеткер)	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Ж.Маханбетов ауылы, Н. Өткелбаев к-сі, №25 үйі	-
4.	Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі	Жонбаев Дуйсенбек	Ардагерлер Кеңесінің мүшесі (ауыл тұрғыны, зейнеткер)	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Ж.Маханбетов ауылы, Ә. Құдабаев к-сі, №18 үйі	-
5.	Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі	Маханова Мафура	Ардагерлер Кеңесінің хатшысы (ауыл тұрғыны, зейнеткер)	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Ж.Маханбетов ауылы, А. Иманов к-сі, №32 үйі	-
6.	Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі	Қоқыбасов Сержан Бозымбайұлы	№39 «Қызылөзек» орта мектеп мұғалімі	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қараөзек ауылы, А. Құнанбаев к-сі, №52 үйі	8 708 295 45 38
7.	Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі	Казымбеков Темирбек Елешович	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Баймұрат батыр ауылы, А. Иманов к-сі, №14 үйі	8 707 285 08 37
8.	Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі	Ахметова Гульдариха Абубакировна	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	8 747 878 63 14
9.	Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі	Амзеева Клара Кадыровна	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қарауылтөбе ауылы, Желтоқсан тұйығы, №8 үйі	8 707 796 41 07, amzeevaklara@mail.ru
10.	Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі	Бейсов Оразбек Дюсебаевич	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қарауылтөбе ауылы, Ж. Әбдіхалықов к-сі, №14 үйі	8 777 451 71 56, beisovoraz@mail.ru
11.	Қызылорда қаласының Қосшыңырау ауылдық округі	Айпейсов Сабыртай Пирмашович	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Абай ауылы, Абай Құнанбаев к-сі, №47 үйі	8 777 076 42 55
12.	Қызылорда қаласының Қосшыңырау ауылдық округі	Абжанова Баршагул	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Абай ауылы, Абай Құнанбаев к-сі, №13 үйі	8 701 323 81 74
13.	Қызылорда қаласының Қосшыңырау ауылдық округі	Смайлов Алихан Тоғызбаевич	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Абай ауылы, Жамбыл к-сі, №43 үйі	8 777 610 95 79
14.	Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі	Ордабаев Молдашбек	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қызылжарма ауылы, К. Сексенбаев к-сі, №23 үйі	8 776 746 00 46
15.	Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі	Смайлова Сарсенкүл	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қызылжарма ауылы, Ж.Ұстабаев к-сі, №30 үйі	8 777 286 52 80
16.	Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі	Бисенбаев Иса	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қызылжарма ауылы, К.Сексенбаев к-сі, №2/4 үйі	8 777 286 52 80
17.	Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі	Төлегенов Сансызбай	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Қызылжарма ауылы, 6 к-сі, №5 үйі	8 705 704 64 32
18.	Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі	Жаназаров Сламбек	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Талсуат ауылы, А. Байкөкжиев к-сі, №7 үйі	8 701 901 54 87
19.	Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі	Нұрпейісов Бейсенбай Тайлақұлы	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Талсуат ауылы, А. Байкөкжиев к-сі, №7 үйі	8 777 456 67 44
20.	Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі	Ибраев Ақылбек Нұрлыбайұлы	-	Мемлекеттік және ресми тілдер (қазақ, орыс тілдері)	Талсуат ауылы, А. Құнанбаев к-сі, №7 үйі	8 776 529 18 84

СПИСОК ОБЩЕСТВЕННЫХ МЕДИАТОРОВ

№	Округ / Населенный пункт	Ф.И.О.	Должность	Язык осуществления медиации	Адрес	Контактные данные
1.	Сельский округ Ақсуат города Қызылорда	Белгибаев Бисенбай Султанбаевич	Председатель Совета ветеранов (житель села, пенсионер)	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Ж.Маханбетова, улица Н.Откелбаева, дом №14	-
2.	Сельский округ Ақсуат города Қызылорда	Абуов Омирсерик Абуович	Член Совета ветеранов (житель села, пенсионер)	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Ж.Маханбетова, улица О.Жакенова, дом №34	-
3.	Сельский округ Ақсуат города Қызылорда	Нарикбаева Жамила Умерзаховна	Член Совета ветеранов (житель села, пенсионер)	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Ж.Маханбетова, улица Н.Откелбаева, дом №25	-
4.	Сельский округ Ақсуат города Қызылорда	Жонбаев Дуйсенбек	Член Совета ветеранов (житель села, пенсионер)	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Ж.Маханбетова, улица А.Кудабаева, дом №18	-
5.	Сельский округ Ақсуат города Қызылорда	Маханова Мафура	Секретарь Совета ветеранов (житель села, пенсионер)	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Ж.Маханбетова, улица А.Иманова, дом №32	-
6.	Сельский округ Кызылөзек города Қызылорда	Коқыбасов Сержан Бозымбайович	Учитель средней школы №39 «Кызылөзек»	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Караозек, улица А. Кунанбаева, дом № 52	8 708 2954538
7.	Сельский округ Ақжарма города Қызылорда	Казымбеков Темирбек Елешович	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Баймурат батыра, улица А.Иманова, дом №14	8 707 2850837
8.	Сельский округ Ақжарма города Қызылорда	Ахметова Гульдариха Абубакировна	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Баймурат-батыр, улица М. Маметова, дом № 15.	8 747 8786314
9.	Сельский округ Карауылтөбе города Қызылорда	Амзеева Клара Кадыровна	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Караултөбе, Желтоқсанский тупик, дом №8	8 707 796 41 07, amzeevaklara@mail.ru
10.	Сельский округ Карауылтөбе города Қызылорда	Бейсов Оразбек Дюсебаевич	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Караултөбе, Ж.улица Абдиаликова, дом №14.	8 777 451 71 56, beisovoraz@mail.ru
11.	Сельский округКосшынырау города Қызылорда	Айпейсов Сабыртай Пирмашович	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Абай, улица Абая Кунанбаева, дом №47	8 777 076 42 55
12.	Сельский округ Косшынырау города Қызылорда	Абжанова Баршагул	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Абай, улица Абая, дом №13	8 701 323 81 74
13.	Сельский округ Косшынырау города Қызылорда	Смайлов Алихан Тоғызбаевич	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Абай, улица Жамбыл, дом № 43	8 777 610 95 79
14.	Сельский округ Кызылжарма города Қызылорда	Ордабаев Молдашбек	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Кызылжарма, улица К.Сексенбаева, дом № 23	8 776 746 00 46
15.	Сельский округ Кызылжарма города Қызылорда	Смайлова Сарсенкуль	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Кызылжарма, улица Ж. Устабаева, дом № 30	8 777 286 52 80
16.	Сельский округ Кызылжарма города Қызылорда	Бисенбаев Иса	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Кызылжарма, улица К.Сексенбаева, дом № 2/4	8 777 286 52 80
17.	Сельский округ Кызылжарма города Қызылорда	Түлегенов Сансызбай	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Кызылжарма, улица 6, дом № 5	8 705 704 64 32
18.	Сельский округТалсуат города Қызылорда	Жаназаров Сламбек	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Талсуат, улица А. Байкөкжиева, дом № 7	8 701 901 54 87
19.	Сельский округ Талсуат города Қызылорда	Нурпеисов Бисенбай Тайлакович	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Талсуат, улица А. Байкөкжиева, дом № 46	8 777 456 67 44
20.	Сельский округ Талсуат города Қызылорда	Ибраев Ақылбек Нурлыбаевич	-	Государственный и официальный языки (казахский, русский)	село Талсуат, улица А. Кунанбаева, дом № 29	8 776 529 18 84

МЕНШІК ИЕСІ: «Желтоқсан и К» ЖШС Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 Телефон: 23-16-08 23-16-11	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен қаптілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
---	--	--	---	--

ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ СУ АЙДЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАУПСІЗДІК!

1. Түнгі мезгілде және нашар көріну жағдайында (тұман, қар, жаңбыр) мұзға шығуға тыйым салынады.
2. Өзеннен өту кезінде мұз өткелдерін пайдаланыңыз.
3. Мұздың беріктігін аяқтың соккысымен тексеруге болмайды. Егер бөренемен немесе шаңғы таяқшасымен алғашқы қатты соккыдан кейін кем дегенде аздап су пайда болса, бұл мұздың жұқа екенін білдіреді, сіз онымен жүре алмайсыз. Бұл жағдайда аяғыңызды мұздан көтермей және жүктеме үлкен аумаққа таралуы үшін оларды иық еніне орналастырмай, жылжымалы қадамдармен жағаға қарай өз жолыңызбен дереу шегіну керек.
4. Су айдындарын мәжбүрлі түрде кесіп өту кезінде өтілген жолмен жүру қауіпсіз. Бірақ егер олар жоқ болса, мұзға түсер алдында мұқият қарап, алдағы маршрутты белгілеу керек.
5. Су айдындарын топпен кесіп өту кезінде бір-бірінен қашықтықты сақтау керек (5-6 м).
6. Мұздатылған өзенді (көлді) шаңғымен кесіп өткен дұрыс: қажет болған жағдайда оларды тез тастау үшін шаңғы бекіткіштерін ашыңыз; шаңғы таяқтарын қолдарыңызға ілмектер қоймай, қолдарыңызда ұстаның, егер қауіп төніп тұрса, оларды бірден тастаныз.
7. Егер рюкзак болса, оны бір иыққа іліп қойыңыз, бұл сіздің астыңыздағы мұз құлап кетсе, жүктен босатуды жеңілдетеді.
8. Мұздатылған су айдындарына ұзындығы 20-25 метр болатын, соңында үлкен ілмегі бар және соңында салмағы бар берік арқан жіп алып келу керек. Суға батып кеткен жағдайда арқан жіпті басқа адамдарға лақтыру арқылы, зардап шеккен адам қауіпті аймақтан шыға алады.
9. Ата-аналарға сенімді өтініш: балаларды қараусыз мұзға (балық аулауға, шаңғы тебуге және коньки тебуге) жіберменіз.
10. Су айдындарындағы қайғылы оқиғалардың ең көп тараған себептерінің бірі-алкогольдік мас болу. Мас күйдегі адамдар қауіп-қатерге дұрыс төтеп бермейді және төтенше жағдайда дәрменсіз болады.

ЕСЕНГЕЛДИЕВ Е. Т.
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты

СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар өткізілді. Семинарға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Жақсылық, облыстық соттың судьялары, қалалық соттардың судьялары, сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты. Семинарды Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Б.Жақсылық ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды. Семинар барысында Қызылорда қалалық сотының судьясы А.Абдразахов «Негізсіз баю санатындағы азаматтық істер» тақырыбында баяндама жасап, аталған санаттағы істерді қараудың ерекшеліктері мен сот практикасына тоқталды. Қызылорда қалалық сотының судьясы Л.Карибаева «Сот отырысын жүргізу регламентінің сақталуы бойынша» тақырыбында баяндама жасады. Қызылорда қалалық сотының судьясы Л.Алибекова «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы» тақырыбында баяндама жасап, банктік қарыз шарттары бойынша дауларды қарау тәжірибесі туралы айтып өтті. Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

2026 жылдың І тоқсанында Қармақшы ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтардың қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты –жөні	Азаматтардың қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ескараев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үйі	26-2-65
Сенім телефоны 8(72437)26-2-65					

«Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2026 жылдың І-тоқсанға арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдау кестесі

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Сенім телефоны
Омаров Асет Турмаханович	Дүйсенбі Бейсенбі	16:00-18:00 16:00-18:00	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үйі	2-12-44

Акмешіт Акшамы

НӘЛІБАЕВ БРИФИНГІ:

ӘНГІМЕНІҢ АНЫҒЫ, ҚАҰЕСЕТТІҢ ШЫНДЫҒЫ

– 2025-ші жылдың 11 айында Қызылорда облысында фермерлерге тиесілі 10 млрд.-тан астам қаражат жетпей қалғанын құлағымыз шалып, көзіміз көрді. Себебі қандай?

– Фермерлерге тиісті қаражат жетпей қалған жоқ. Ауылшаруашылық саласын дамытуға, салаға инвестиция тартуға жаңа жобалар қаралған. Соған жобалар ұсынғанбыз. Бұл республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат. 10 млрд.-тың ішінде көкөніс қоймаларын салуға, сүт өнімдерін шығаратын жаңа зауыт салуға арналған қаржылар бар. Негізінен келесі жылы бөлінеді. Қазір жобалардың бәрі өтті, мақұлданған. Осы айдңң өзінде бастапқы қаражаттары бөлінуде. Біз негізінен ауылшаруашылығына, өнімдеріне, суға, болмаса тыңайтқыштарға, малға бөлінетін субсидиялардың барлығын төледік.

Жаңа жобаларды жүзеге асыруға бағытталған, қаралған қаржы 10 млрд.-тың үстінде. Ол өтпелі жоба болып, келесі жылы жалғасатын болады. Өткенде шынында да әлеуметтік желіде шықты. Өзім оқыдым. Бұрыннан да білеміз. Бірақ тағы да пысықтадым. Бұл қаражат тағы да айтамын, жаңа жобаларды жүзеге асыруға арналған қаражат. Қазір қаражат қиындығына байланысты уақыты кейінге шегеріліп жатыр. Бірақ келер жылы бұл жаңа жобалар міндетті түрде қаржыландырылады.

– Қызылорда облысы аса қауіпті жұқпалы Кон-го-Қырым ауруларының табиғи ошақтары екені белгілі. Биылдың өзінде осы аурудан қайғылы жағдайлар тіркелген екен. Осы ретте аурудың алдын алу, жалпы кенеге қарсы қандай шаралар қолданылуда?

– Белгіленген, анықталған жерлер бар. Жылда залалсыздандыру жүргізіледі. Тиісті қаражат жылда жергілікті бюджеттен қаралады.

Анықталған кезде бірден медициналық көмек көрсетіп жатырмыз. Шынын айту керек, қайғылы жағдай да орын алып жатқаны рас. Залалсыздандырағынымен, әсері бірден кетіп қалып жатқан жоқ.

– Аралда калыңйілдендірілген сода зауыты салы-нады деген ақпарат біраздан бері айтылып жүр.

– Келесі жылы басталады деп күтілуде. Құны 160 млрд. теңгедей. Енді көп жылдан бері айтылып келеді. Үкімет қолдауымен жүзеге аскалы жатыр.

– Батыс аймақтарда су тасқыны қатты болды. Өзім қызылордалық ретінде дарияның арнасынан тасып, халықты біраз зуре-сарсанға салғанын білеміз. Осы тұста көктемгі жоспар қандай?

– Өкінішке орай кейінгі кездері судың тапшылығын сезініп жатқан өкіміз. Қазіргі таңда ондай қауіп жоқ. Керісінше суды үнемдеуге жұмыс жасап жатырмыз. Өйткені суды көп тұтынатын өңірдің біріміз. Ауыл шаруашылық өңірі болғандықтан, негізінен күріш егеміз. Ол суды көп қажет етеді. Халқымыз күріш еуге қалыптасқандықтан суға өте тәуелдіміз. Бұрындыры шынын айту керек, су тасқыны болды. Сол кездері “Көксарай” су реттегіші салынды. Кейінгі кездері су аз. Негізгі көп болғаны жақсы. Көп су болып жатса, біз оған дайынбыз. Қазір көп жерлерде нығайту жұмыстарын жүргіздік. Қауіпті жерлердің барлығында дамбалар жасалды. Бетоннан. Дария жағасында 4 жолақты жолдар, жағалау салынды. Көп судан қорықпаймыз. Болса, қабылдауға дайынбыз.

– Биылғы жылы Шнелі ауданының бірнеше елді мекендері біраздан қамтамасыз етілді. Тартоғай, Майлытоғай, Сұлутөбе ауылдары тұсынан газ құбыры өтті. Әр ауыл әкімдері ауысқан сайын ел газбен қамтылады деген үміт болады. Ауыл тұсынан газ құбыры өтіп тұр. Осы үш ауылға қашан газ келеді? Нақты...

– Өңіріміз 2021-ші жылға дейін газбен 67% қамтамасыз етілсе, бүгінде 83%-дан асты. Соңғы 3-4 жылда 65 млрд. 700 млн. теңге қаржы бөлініп, көп ауылдарға көгілдір отын кіргізілді. Енді барлығын қамту, әрине мүмкін емес. Бәрі қаражатқа байланысты. Бұл бағытта жұмыс жасап жатырмыз. Айталған үш ауылдың қаражатын есептеп көреміз. Мүмкіндігі қандай? Содан кейін жазбаша жауап беремін. Мүмкіндік болса газ кіргізуге жұмыс жасаймыз.

– Облыс әкімдігі тарапынан спортшыларға берілетін шәкіртқаы көлемі қандай? Тағы қандай қолдау көрсетіледі, әсіресе жасөспірім, жас спортшыларға?

– Жас спортшыларға бекітілген нормативтерге сәйкес қолдау көрсетіледі. Жыл сайын облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлінеді. Әрі келешегінен үміт күтіп отырған, мәселен олимпиадаға қатысатын спортшыларға демеушілер арқылы ерекше жағдайлар жасалуда. Әралуан жарыстарда, чемпионаттарда жеңімпаз болып келіп жатқан спортшыларға пәтерге дейін беріп жатырмыз. Өткенде Айдос бауырымызға, оның жаттықтырушысына пәтер, көлік сыйладық. Облыс спортшыларды ерекше қолдаймыз. Өйткені олар еліміздің мәртебесін асырып жүр.

Алдағы уақытта да спорт инфрақұрылымына ерекше мән береміз.

- Шалқия кентіндегі тастанды үйлерде адам тұрмайды. Алайда газ құбыры жүргізілген деген ақпарат бар. Қаржыны далаға шашу емес пе?

– Шалқия кентінде негізі 10 мыннан аса адам тұрады. Кеңес үкіметі кезінде салынған 7 көпқабатты үй бар. Соның 350-ден астам пәтерінде тұрғындар қоныстанған. Қалған пәтерлер бос. Бірақ олардың иелері бар. Кезінде жекешелендіріп алған. Аудан әкімдігі біздің тапсырмамызбен бірнеше рет ескертулер жіберді. Оларға газ кіргізіліп жатыр деп бірнеше рет ескерту жасалды. Көбібіреулері келіп, кіргізіп алды. Келмегендері де, хабарласпағандары да бар.

Бұл жерде газ тек осы 7 үйге ғана барған жоқ. Бүкіл кентке барды. Қаншама халық 300 отбасы үшін көгілдір отынсыз қалай отырады? 10 мың халық тұратын кенттің 95% көгілдір отын пайдаланып отыр. Демек, қаражат тиімді жұмсалды.

– Осыдан 13 жыл бұрын Қызылордада 660 млн. теңгеге 120 жылқыжы салынған еді. Бүгінде олар тозып, пайдаланылмай тұр. Бұл жылқыжайлардың алдағы тағдыры не болмақ?

– Қызылорда қаласының маңында орналасқан, 2010-шы жылдары салынған. “ҚазАгрофинанс” деген мекеме қаржыландырған. Қазір де сол мекеме бапансында. Алған азаматтар қаражаттарын толық төлемеген. Қазір сол компанияны “қайтадан жаңғырту керек шығар, басқа кәсіпкерге беру керек шығар” деген ұсыныс берудеміз. Шешілу жолдары қарастырылып жатыр.

Бұдан 15 жыл бұрын іске қосылып, шамалы уақыт істеп, содан бері тоқтап тұр. Жағдайы нашар. Біздің меншігімізде емес. Өңірде болғаннан кейін жанымыз ашиды. Жауап береміз.

– Мемлекет басшысы әркез өз тапсырмасында әлеуметтік көмекті шын мұқтаж жандар алсын дейді.

– Шынында да шын мұқтаждар алуы керек. Әлеуметтік салаға терең талдау жүргіздік. Көп қаражат үнемделдік. Білім саласында да, денсаулық сақтау, әлеуметтік салада да. Соның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын кісілермен 2022-ші жылдан бастап жұмыс жасадық. 2022-ші жылы 63 мыннан аса отбасы АЭК алатын болса, қазір олардың саны 19000-ға түсті. Өйткені өзіңіз айтқандай нағыз мұқтаж азаматтар осы 19000. Ал алдында алып жүргендердің көпшілігін жұмысқа орналастырдық. Қолынан жұмыс келетіндеріне жұмыс ұсындық. Ал кей бөлігі сол қаражатты заңсыз алып келген.

Бізде қазір ажырасу көбейіп кетті деп айтып жатырмыз. Білесіздер, өкінішке орай ажырасқандардың көбісі өтірік, қағаз жүзінде ажырасып, бірақ бірге тұрып жатады. Біз оның бәрін әбден зерделедік. Өрине өтірік ажырасып, қаржы алу дұрыс емес қой. Еліміздің абыройына да нұқсан келеді. Ажырасу көбейіп кеткен сияқты, бірақ шын мәнісінде ерлі-зайыптылар бірге.

8,5 млрд.-тай қаржы үнемделді. Осы бағытта заңсыз кетіп жатқан қаржы ағыны тоқтатылды. Жұмысқа жарамдыларға үш рет жұмыс ұсынғанда үш рет бас тартса, әлеуметтік көмек беру тоқтатылады.

“ҚАЙСАР” ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ ҚАРЫЗЫ ҚАШАН ТӨЛЕНЕДІ?

Брифинг барысында журналистер облыс өкімінен “Қайсар” футбол клубының ойыншы-лары екі айдан бері жалақы алмағаны жөнінде ақпарат тарағанын айта келе, өкімнен клубтағы жалақы мәселесі қашан шешілетінін және қанша қарызы бар екенін сұрады.

Қызылорда облысының өкімі Н.НӘЛІБАЕВ: – “Қайсар” футбол клубының қарызы – 2019-2020 жылдан бері келе жатқан қарыздар. Ол қарыздар жыл сайын ретімен төленіп келе жатыр. Қазір “Қайсар” клубы сенімгерлік басқаруға берілді. Сол азаматқа барлық қарызды жабу жөнінде талап қойдық.

Ойыншылармен де үнемі кездесіп тұрамын. Олармен ондай әңгімелер болған жоқ. Өйткені кейбір қарыздар – әлі де тексеруді қажет ететін қарыздар. Оған қатысты қазір тексеру жұмыс-тары жүріп жатыр. Оның барлығы жалақы қарызы емес. Жалақы қарызы түгелімен шешілді деп те айтуға болады. Мысалы, жарыстарды ұйым-дастыру барысында қонақүй қызметтері үшін белгілі бір компаниямен келісімшарт жасалған. Алайда сол компанияларға уақытында төлем жүргізілмеген. Енді ана компания міндетті түрде шетелдің қонақүйі болғасын төлейді ғой, бірақ ол жаққа қандай қаражат төледі, ал бізден қандай қаражат талап етіп отыр, артық талап етіп отыр ма, ол жерде сұрақтар көп. Қарыз көлемі толық анықталған жағдайда оны клубты сенімгерлік басқаруға алған кәсіпкер жауып береді...

– Қызылорда қаласындағы “Бәйтерек” мектебінде 4 оқушының тамақтан уланғаны туралы ақпарат тарайды. Бұл мәмілет қаншалықты рас? Жекеменшік мектептер қызметін қалағалау мен бақылау қандай органдар құзырында?

– Өзірге мұндай ақпарат жоқ. Біз анық-қанығын тексеріп, жазбаша баяндаймыз.

Жекеменшік мектептерге байланысты әңгіме көп. Қазір терең талдау жүріп жатыр. Бұрын жеке мектептермен Министрлік жанындағы қаржы орталығы айналысып келді. Үкімет шешімімен билығы жылдың қараша айынан бастап бізге берілді. Жақында ғана конкурс жарияладық. Қызылорда облысында 39 жеке мектеп болса, соның ішінде екеуі ғана өтті. Өкінішке орай 37-сі өте алмады. Неге? Талаптарға сай келмеуіне байланысты.

Алдағы уақытта да жеке мектептердегі білім мен тәрбиеге қатты мән беретін боламыз. Өйткені оқушыларға сапалы білім, тәрбие беруіміз керек. Жеке мектептердің де жауапкершілігі мемлекеттік мектеппен бірдей болуы керек. Мемлекет оларға барлық жағдай жасап жатыр.

Кезінде жер берді, инфрақұрылыммен қамтамасыз етті. Мектеп құрылысына қажетті қаражаттарды төлеп жатыр. Кеше анализ жасап көрдік. Мысалы 8 жыл бойы мектепке қаражат төленеді. Көбінесе, басқа өңірлерге жауап бере алмаймын. Қызылорда өңірінде басым бөлігі, 80-90% деп айтайын, 3-4 жылда мектеп құрылысына кеткен қаражаттарын қайтарып алады. Одан бөлек бала басына төлеп жатырмыз. Осындай қолдау болғаннан кейін, жеке мектептер де жауап-кершілікті сезініп, өте жақсы жұмыс жасауы керек.

Мемлекеттік мектептерде орын жеткілікті. Жеке мектептер салған кезде Мемлекет басшымыз мемлекет қаражаты жетпей жатқан жерге салыңыздар деп айтқан. Өкінішке орай мектеп бар жерге де салынып кеткен. Біздің облысымызда 36 мың бала қабылдауға мүмкіндігіміз бар. Жеке мектептерде 14000 бала оқиды. Мемлекеттік мектептерге осы 14000-нан бөлек тағы да 22000 оқушы қабылдай аламыз. Сондықтан алдағы уақытта да өңірде, ашығын айтамын, қатаң талап қойылады. Түсіністік танытып жатқандар да бар. Мысалы “Сабалактағы” жеке мектепті осы аптаның сәрсенбісінен бастап мемлекеттік меншікке сыйға беріп жатыр. Алдағы уақытта да осындай елге көмектесемін деген азаматтар болса оған қуанамыз.

– Қызылорда қаласының сол жағалауындағы тұрғындар саны ай сайын, күн сайын көбейіп келе жатыр. Есесіне көлік кептелісі, жүріп-түру көп. Халыққа ыңғайсыз болып жатыр. Айналып көпірмен жүруге мәжбүр дегендей. Қосымша көпір салу жоспарда бар ма?

– Жоспар бар. Біз Қызылорда қаласында жаңа көпір салу туралы шешім қабылдадық. Қазір жоба жасалып жатыр. Негізінен арғы бет пен бергі бетті байланыстырып тұрған 2 көпір бар. Енді үшінші көпір құрылысын осы алдағы жылдың көктемінде бастаймыз деп айтқым келеді.

– Анықтап кетейік, қашан бітеді? Қаржысы қанша?

– Жоба енді жасалып жатыр. Шамамен 15 млрд. теңгедей. Алдағы наурыз айында құрылысын бастасaq, барынша тездетуге тырысамыз. Бірақ құрылыс әжеп қоя салатын контейнер емес. Кемінде бір, біржарым

жылдай уақыт кетеді. Сіз Қызылорда қаласында болсаңыз, бізде физика-математика мектебі салынды ғой. Соның тұсынан салу жоспары бар.

– Сонғы уақыттары әлеуметтік желілерде Арал толып жатыр, Арал суы көбейді деген әртүрлі ақпарат тарап жатыр. Жалпы Арал, Арал суы туралы не айтар едіңіз? Қаншалықты рас әңгіме?

– 2022-ші жылы Кіші Аралда 18 млрд. 500 млн. куб су бар еді. Қазір 23 млрд.-тан астам су бар. Соңғы 4-5 жылда біршама көбейді деп айтуға болады. Мүмкіндігінше, әсіресе қыс айларында Аралға көп су тастауға әрекет етіп жатырмыз. Биыл су, өкінішке орай өте тапшы болды. Мемлекет басшысының, Үкіметтің арқасында оның бәрін еңсердік. Еккен егініміздің бәрін сумен қамтамасыз еттік. Жаз айларында Аралға су аз кетті. Оны мойындау керек. Өйткені егінге жетпей жатты. Қыста, қазір мүмкіндігінше көп жіберуге әрекет етудеміз.

Сонғы 3-4 жылда Кіші Аралдың суы 4-5 млрд.-қа көбейді. Мамандар растайды, Министрлік қуаттайды.

– “Сабалак”, “Эдельвейс” саяжайларында түсірілімде болған едік. Сол жер тұрғындарының қордаланған мәселелерінің бірі – жол, көктемгі-қысқы маусымда балшық болатындығын, балалардың мектепке, балабақшаға қатынауында қиындық болатынын айтқан еді. Сондай-ақ жел тұрса свет өшіп қалатынын да тілге тиек етті. Бұл мәселелер қалай реттеліп жатыр?

– “Сабалак” саяжайы қаланың аумағында орналас-қан. Қаладағы Президент паркінен 6-7 шақырым жерде. Өздеріңіз жақсы білесіздер, заңдылығына келсек, негізі саяжайға құрылыс салуға болмайды. Былтырғы Батыс аймақтарда да болған су тасқынында зардап шеккендердің үйлері, көбіне су жағасындағы саяжай орындарына салынған әдемі үйлер. Бұл саяжайларда да үлкен үйлер салуға болмайды. Бірақ, кезінде салды. Мүмкіндіктеріне қарай шығар. Біз оның бәрін түсінеміз. Үлкен түсінікпен қарап жатырмыз. Саяжай болғаннан кейін оған бюджеттен қаражат бөлуге болмайды. Заңсыз. Көп жылдан бері көп халық сонда қоныстанғаннан кейін, зерттей келе “Сабалакты” қалаға кіргіздік. Бірнеше саяжайды, оның ішінде “Эдельвейс”, тағы да басқалар бар. Бұрыннан қалып кеткен аттары ғой, ПМК-24 деген де бар.

Енді қалаға кіргеннен кейін қаражат салуға болады. Өткен жылдан бастап. Өткен жылы “Сабалакқа” ауыз су барды. Бұл мәселе шешілді. Жақында газ берілді. Газ жеткізу өткен жылы басталып, биыл газ мәселесі шешіліп тұр. Біраз көшеге демеушілікпен қиыршық тас төседік, әрі қарай да біртіндеп жол мәселесін шешеміз. Өзірге мектепке баратын, қоғамдық көлік жүретін көшелеріміз асфальтталды. “Сабалактағы” жеке мектепті мемлекетке сыйға берген азаматтың азаматтығымен “Сабалакта” мемлекеттік мектеп мәселесі де шешілді.

Неге Мәдениет үйі, спорт кешені жоқ деген сұрақтар да бар. Қаладан 6-7 шақырым сайын Мәдениет үйін сала беруге мұқтаждық жоқ қой.

Басқа да саяжайда жұмыстар жүруде.

– Жеке мектептер мәселесін нақтылап жіберсем, қателеспем 35 мектеп қаржыландырылмай тұр. Олардың ішінде оқу маусымы басталғалы, яғни күркіүйектен бері жалақы алмаған мұғалімдер бар көрінеді. Жеке мектептердің қанша пайызын ұстап қалуды көздейсіздер? Немесе едәуір пайызын қысқарту жоспарларыңыз бар ма?

– Конкурс өтті. 39 мектептен екеуі өтті. Екеуінің қаражаты толығымен төленді. Енді қалған 37 мектеп биыл өз қаражаттарын өздері шешеді. Біз құрылтайшыларымен, мектеп басшыларымен бірнеше рет кездестік. Сөйлестік. Олардың 99%-ы түсінікпен қарап отыр. Бұған дейін 2-3 айдың қаржысы төленбей, кешіктірілген. “Қаржы орталығы” төлеу керек болған. Мектептерді қаржыландыру бізге қарашадан бастап өтті, қазір мектеп құрылтайшылары, басшылары күркіүйек, қазан, қараша айындағы айлықтарын төледі. Бір-екі ғана кәсіпкер қалды. Еңбек инспекциясы тексерді. Нұсқамалар берді. 30-шы желтоқсанға дейін толығымен мұғалімдердің, техникалық қызметкерлердің жалақысын толық төлеп береді. Өйткені ол – олардың міндеті. Келісім шартқа мемлекет емес, жеке келісп нелері, басшылары отырды. Мұғалімдерге келісім шарт бойынша жалақыларын талап етуді түсіндірдік.

Жеке мектептерге мектеп құрылысына да, бала басына да жақсы ақша төлеп келеміз. Мектептердің көп салынған себебі де осы. Алдағы уақытта тағы да конкурс жарияланады. Сол кешіліптер тағы да жеке мектептерде анықталатын болса, әрине конкурстан өте алмайды.

Біз жеке мектептер құрылтайшыларының мүддесін емес, оқушыға сапалы білім, тәлімді тәрбие беруді ойлауымыз керек.

– Өткен жылмен салыстырғанда аймақта оқушылар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайы көбейгені байқалады.

– Нақты дерек бар ма? Көбейген деген жалпы сөз ғой. Қай мектепте, қай кезде орын алған? Қазір өз-өзіне қол жұмсап, қайғылы жағдай орын алды деген нақты дерек менде жоқ. Осыдан екі жыл бұрын осындай бір-екі оқиға болған. Ол бойынша зерделеу, түсіндіру жасалды. Нақты дәлел болса...

Бізді әр баланың тағдыры ойландырады.

– Аймақ тұрғындары Астана, Алматы бағытына әуе, автобус қатынысында тәуелді. Қосымша уақыт шығыны мен қаражат жүктемесін тудырады. Алдағы уақытта Қызылордадан тікелей Астанаға жолаушылар поезын жүргізу жоспары бар ма?

– Ұсынысты министрлікпен ақылдасып көрелік. Семейге, Көкшетауға баратын поездар Астана арқылы жүреді. Тікелей Астанаға баратын поезд мәселесін ойланып көрейік.

– Кеше ғана “Адырна” порталында биыл жүргізілген байқауда, сіз жүзден жүйрік болып, “Жылдың іскер өкімі” болыпсыз. Яғни өзіңізді осы орынға лайықпын деп санайсыз ба? Дәл брифингке шығар алдында бұл ұпай жинау емес пе?

– Шынын айтсам, ол портал иелерін, қызметкерлерін танымаймын. Көрген кісілерім де емес. Ал лайықпыз, лайық емпсіз, оны халық біледі. Менде ұпай жинау мақсаты, ой да болған жоқ.

– Өзіңіз көрдіңіз бе?

– Көрдім. Өрине. Ондайды бірінші жібереді ғой. Көрген кісілер. Негатив болса, жақсы хабар болса да бірінші жібереді. Әлеуметтік желіні жігі қадағалап отырамыз. Онсыз болмайды ғой. Әлеуметтік желі, қазір біздің көмекшіміз сияқты. Қай жерде не болып жатыр, шынын айтқанда түнге дейін қараймыз.

– Көктемде Арал ауданы маңындағы бірнеше елді мекенді шегіртке қаптады. Жергілікті

тұрғындарға біраз қиындық әкелді. Бұл жағдай тағы қайталануы мүмкін бе? Қайталанбау үшін не істелуде?

– Өткен жылы Ақтөбемен шекаралас ауылдарда шегіртке көбейді. Бірақ дер кезінде залалсыздандыру жұмыстары жүрді. Министрдің өзі, Ауыл шаруашы-лығы, бірнеше рет келді, комитет төрағасы соның басында жатты, әбден залалсыздандырып болғанша. Барлық күш жұмылдырылды. Келесі жылы болмайды деп нақты айту қиын. Ошақтарын жойып жатырмыз. Алдын-алып, болдырмауға тырысамыз.

– Залалсыздандыруға қанша қаражат бөлінді?

– Қаражатты Министрлік бөледі. Жеңіл тікұшақ-тармен залалсыздандыру жүргізілді. Басқа да арнайы техникалар алып келді. Оған қаражат бөлініп, конкурс өткізілді. Мысалы өткен жылы Шымкент қаласының бір компаниясы жеңімпаз болып, осы жұмыстарды жүргізді. Оны білетіміз, жұмыс барысын күнделікті қадағалап отырдық. Күніне қанша техника шықты, қанша адам келді, бәрі бақылауда болды.

– Ғарыштық мониторинг дерегі бойынша өңірде көптеген заңсыз қокыс, қалдықтар орны анықталған. “Таза Қазақстан” неге қалдықтарды басқаруды шешпейді?

– Бұл сұрақпен келісе алмаймын. Бізде бей-берекет жатқан қокыс алаңдары жоқ. Одан бөлек Экология министрлігі, соған қарасты бізде департамент спутник арқылы да ай сайын тексеру жүргізіп жатыр. Ондай жағдай бізде орын алған жоқ. Бірінші кезде орын алған жағдайлардың бәрін жойдық.

Көресә компаниясымен 37 млрд. 800 млн. теңгеге Қызылорда қаласында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптайтын, оны әрі қарай өңдеп, энергия шығаратын жаңа зауыт құрылысын бастадық. Алдағы жыл аяғына дейін бітіру жоспары бар. Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап, өңдейтін жобалар аудандарда да басталды.

– Қызылорда облысының экономикалық дамуының негізгі 3 көрсеткішін бағалау керек болса, әкім ретінде негізгі үш нәтижені айтып бере аласыз ба? Өзіңіздің де тағайындалғаныңызға үш жыл болды, соған байланыстырып, үш көрсеткішті сұрап отырмын.

– Бірінші, бюджет. Мемлекет басшысының, Үкімет-тің қолдауымен біздің бюджетіміз соңғы 3 жылда едәуір өсті. 2021-ші жылдың қорытындысымен 2022-ші жылдың басында 346 млрд. теңге болса, қазір 851 млрд. 300 млн. теңгеге жетті. Мұның 56%-ы әлеуметтік саланың дамуына бағытталды. Осы қаражаттың артын-да қаншама жұмыс, жүзеге асқан жаңа жобалар бар.

Екінші – инвестиция. 2021-ші жылдың қорытын-дысымен өңірге тартылған инвестиция 308 млрд. теңге болды. Сол кездері жоспар 64%-ға орындалған. Қазір 11 айдың қорытындысымен 717 млрд. теңге инвестиция тартылды. Жыл қорытындысымен 750 млрд. теңгеге жетеді деп күтілуде. 400 млрд.-тың үстінде инвестиция тартылып отыр. Артығымен. Бұл – екінші жетістік, еңбек. Мұның да артында көп жұмыс, жаңа жобалар бар. Инвестиция – тек цифр емес.

Инфрақұрылымға байланысты да айтып жатырмыз. Жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 95%-ға жетті. Халыққа ең керекгі ауыз су. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық елді мекендер 100% орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Көгілдір отынмен қамтамасыз ету көрсеткіші 67%-дан 83%-ға дейін өсті. Соңғы 3 жылда.

Бұдан бөлек 200-ге тарта әлеуметтік нысандар салынды. Қоғамдық-саяси ахуал да едәуір жақсарды деп айтуға болады. Халықтың көңіл-күйі де дұрыс.

– Қармақшы ауданының Жосалы кентіндегі бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан теміржол өткелі құрылысы қашан басталады?

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ӘДІЛЕТТІ, ҚУАТТЫ, ҚАУІПСІЗ, ӘРІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫМЫЗДЫ

ИНВЕСТИЦИЯ ЖОСПАРДАН АРТЫҚ

2022-2024 жылдары облыс экономикасына 1 трлн. 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Биылға тнвестия 631 млрд. 400 млн. теңге жоспарланған. Бүгінде жаңа жобаларды іске қосу арқылы инвестиция 750 млрд. теңгеден асып, жоспар артығымен орындалды. 2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайыз артса, жеке инвестиция үлесі 70 пайыз болып отыр.

Экономиканы әртараптандыруда алдағы жылдары 2,8 трлн. теңгенің 98 инвестициялық жобасы жоспарланған. Бұл 12 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Биыл 300 млрд. теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды. Шілде айында 5 млрд. теңгеге «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің толық автоматтандырылған кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн. кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді. «Қызылорда нан» серіктестігінің нан өндіру кешені іске қосылды. Кешеннің жалпы құны 5 млрд. 600 млн. теңге болатын нан-тоқаш, кондитерлік-макарон өнімдерін (жалпы қуаттылығы 7,8 мың тонна) шығаратын 4 цехы жұмыс жасауда.

Өткен аптада ғана испандық «Rosa Group» компаниясымен жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісімге қол қойылды. Елімізде салынатын алғашқы зауыттың құны 44 млрд. теңге, 300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Жоба 2027 жылы іске қосылады.

Бұдан бөлек 753 млрд. 300 млн. теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталуда. Оларды атап өтсек, 414 млрд. 700 млн. теңгеге «Шалқия» кен-байыту фабрикасы, 161 млрд. 400 млн. теңгеге кальцийленген сода зауыты, 60 млрд. теңгеге «Seven Rivers Technologies» компаниясының бөтелке шығаратын зауыты, 37 млрд. 800 млн. теңгеге оңтүстік корейлық «With you e&s Qyzylorda» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдеу зауыты.

«Табиғи тас Қызылорда» серіктестігінің 17 млрд. 300 млн. теңге қаржы салынған, қуаттылығы жылына 1 млн. 100 мың тонна өк шығаратын зауыты келесі жылы іске қосылады (92 жұмыс орны құрылады).

Өңірде аграрлық-индустриялық кластер құру мақсатында 51 млрд. теңгеге швейцариялық «Harvest agro» компаниясының техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіретін, қайта өңдейтін зауытының және 40 млрд. теңгеге жүгері дақұлын терең өңдейтін крахмал-сірне зауытының құрылысы басталды.

Үкімет қаулысымен мамыр айында Қызылорда қаласында аумағы 550 гектар «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Аймаққа өндірістік нысандарды орналастыру мақсатында отандық, шетелдік инвесторлармен келіс-сөздер жүргізілуде. Бұл жерде өңіріміздің өнеркәсіптік-логистикалық әлеуетіне сәйкес келетін экономикалық қызметтің 18 түрі іске асады. Қазіргі таңда инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары басталуда.

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ – ЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірдің барлық ауданында 10 млрд. 763 млн. теңгеге 28 медициналық нысан салынды. Қызылорда қаласында 36 млрд. 400 млн. теңгеге 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы қарқын алды, 5 млрд. 400 млн. теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан қосым-

орталығы бүгінде жаңадан салынған нысанда халыққа қызмет көрсетуде.

Халық сұранысына сәйкес соңғы 2 жылда жергілікті бюджеттен бөлінген 5 млрд. 400 млн. теңгеге 225 жаңа санитарлық автокөлік, 45 жедел жәрдем көлігі алынып, барлық елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдарына табысталды.

Кейінгі жылдары 24 медициналық нысан 6 млрд. теңге қаржыға күрделі жөндеуден өткізілді, 15 млрд. теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Жабдықталу деңгейі 2022 жылғы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға артты. Республикада 85,6 пайыз.

Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандар біліктілігін арттыру мәселесі ұдайы назарда. Халықаралық байланыстың артуы мамандардың тәжірибе алмасуына жол ашты. Өткен жылы 15 дөрігер Түркияның жетекші медициналық клиникасында білім жетілдірді. Биыл 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі үздік клиникаларда біліктілік арттырды.

БІР ҒАНА КҮРІШ ЕМЕС...

Қызылорда облысында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі жыл сайын артып келеді. Осы жылы бұл көрсеткіш 234 млрд. 800 млн. теңгеге жетті. Қазіргі таңда 6 млрд. 400 млн. теңге болатын 9 жоба іске қосылды.

Ауыл шаруашылығының машина-трактор паркі жаңартылып, 2022-2024 жылдары 21 млрд. 800 млн. теңгеге 647 техника алына, осы жылы 4 млрд. 700 млн. теңгеге машина-трактор паркі 139 ауыл шаруашылығы техникаларымен толықтырылды.

Дер кезінде қабылданған шешімдердің негізінде

Алдағы 3 жылға егін шаруашылығын әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын енгізген шаруашылықтарды мемлекеттік қолдауға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Мемлекет басшысы сұғы көп қажет ететін дақылдар егiсiн оңтайландыруды, оның орнына ылғалға төзімді, өнімділігі жоғары, сұранысқа ие жүгері, майлы дақылдар көлемін арттыруды тапсырды.

егіс алқаптары сумен толық қамтамасыз етіліп, егін шығынын болдырмауға барынша жағдай жасалды. Президент тапсырмасымен аймаққа Премьер-министр бастаған Үкімет делегациясы арнайы келіп, шаруалардың жағдайымен, егістің жай-күйімен танысты. Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің

барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрамды жеткізіп, екі ай бойы шаруалардың игілігі үшін ауқымды жұмыс атқарды.

Үкімет резервінен 53 насос қондырғысын алуға қажетті қаржы бөлінді. Дер кезінде қабылданған шешімдер егінді шығынсыз жинап алуға жол ашты.

Өңірде биыл 189 600 гектарға егін егілді, 80900 гектарға себілген күріштің әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынып, 470 мың тоннаға жуық астық жиналды.

Аймақта су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында егістікке жаңа технологиялар енгізілуде. Биыл дикандр күріш алқаптарының 60 мың гектарын лазермен тегістеп, суды үнемдеп, өнімділікті арттырды. Су үнемдеу техно-логиялары 8100 гектарға пайдаланылып, өткен жылмен салыстырғанда екі есе ұлғайды. Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолданып жүгері, жоңышқа егуге бағытталған 3 ірі жоба қолға алына.

Жүгеріні терең өңдейтін Қызылорда крахмал-сірне зауыты жобасы 2025-2029 жылдар аралығында екі кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде кептіру кешені, екінші кезеңде жүгеріні терең өңдейтін зауыт салынады. Зауытқа 35 гектар жер телімі табысталып, 10 мың гектарға дән жүгері егуге шаруалармен келісім жасалды.

Одан бөлек швейцариялық «Харвест Групп» компаниясымен бірлесіп, 21 мың гектарға техникалық қарасора, жүгері және соя өсіріледі, агроиндустриялық кластер құру жоспарлануда. Бұл жобалар аймақтың егін шаруашылығын әртараптандырып, саланы жаңа деңгейге көтеруге оң ықпалын тигізеді.

ЖОБАСЫ БАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ БАР...

Сыр өңірінде экономиканың барлық саласында 2022-2024 жылдары 80742 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Ал 2025 жылдың 11 айында 27964 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсыр-масы 2022-2024 жылдары 42% артығымен орындалып, 37 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Ал, биылғы жылы 12 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, жоспар 12,9% артығымен орындалды.

2023-2025 жылдары «Ауыл ама-наты» жобасы аясында 100-ден астам елді мекенде 6 млрд. 828 млн. теңгеге 943 жоба жүзеге асырылып, жаңадан 1 303 жұмыс орны құрылды.

Аймақта жұмыссыздық көрсеткіші жыл сайын төмендеп келеді. Атап айтсақ 2022 жылы 4,9%, 2023 жылы 4,9%, 2024 жылы 4,8%, 2025 жылдың 3 тоқсанының қорытындысымен 4,6% болды.

СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫМЕН ҚАМТУ 56,5%-ға ЖЕТТІ

Мемлекет басшысының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерінің санын көбейту тапсыр-масына сәйкес, Қызылорда қаласында жаңа стадион салынды.

УЕФА-ның IV санатты сертификатын алған 11 мың орындық заманауи нысанда ауқымды спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік бар. Жаңа стадион 4 қазан күні футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен ашылды.

Аймағымызда халықтың барлық санатының бұқаралық және кәсіби спортпен шұғылдануына жағдай жасалған. Соңғы 3 жылда 21 спорт кешені бой көтеріп, ел игілігіне табысталды.

«Самұрық Қазына Траст» қоры-мен бірлесіп салынған «Теннис орталығы», «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жала-ғаш аудандарында жаңа спорт кешендері ел игілігіне табысталды.

Қордың демеушілігімен тағы бір дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Нысан жақын күндері пайдалануға беріледі», – деді Н.Нәлібаев.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен орнатылған 80 спорт-ойын алаңы ел игілігіне айналды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен 5 спорт кешені бой көтеріп келеді.

Бүгінде облыста 1538 спорт ғимараты бар, саланы қарқынды дамытуға ұлттық компаниялар, қорлар және жергілікті кәсіпкерлер де белсенді атсалысуда. Соның бірі – «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды қолдау қорымен бірлескен, Қызылорда қаласының сол жағалауына 3 млрд. 400 млн теңгеге салынған «Теннис орталығы».

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен 2 млрд. 900 млн теңгеге ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Аталған қордың көмегімен осы жылы Шиелі және Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, ауыл тұрғындарына табысталды.

Қазақстан футбол федерациясының «Алаң» бағдарламасымен 2024 жылы Қызылорда қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы орталық ста-дионның қосалқы алаңы қайта жаңғыртудан өткен болатын. Осы жылы да федерация қолдауымен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтіп, аудан жұртшылығы мен спортшыларына пайдалануға берілді.

Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы – облыс әкімінің қолдауымен жеке теңгерімдегі «Тарлан» спорт кешені басқарма меншігіне беріліп, «Қызылорда ерлер және әйелдер бокс клубы» болып ресми түрде ашылды. Ғимарат демеушілер есебінен күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай толық жаңғыртылды. Осылайша халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтылу көрсеткіші 56,5 пайызға жетті.

АУЫЗ СУЫ ЖОҚ АУЫЛ ЖОҚ...

Қызылорда облысының барлық елді мекендері 100 пайыз орталық-тандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілді. Мемлекет басшысының елді мекендерді түгелдей орталықтанды-рылған сапалы ауыз сумен қамтама-сыз ету тапсырмасы 100 пайыз орын-далды. Мысалы Арал қаласынан 120 шақырым жерде, яғни ең шалғай орналасқан Ақбасты ауылына да су жеткізілді.

«2022-2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд. 600 млн. теңгеге 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфра-құрылымын дамытуға бағыт-талған 343 жоба жүзеге асты.

Мемлекет басшысы 2023 жылы өңірге жұмыс сапары кезінде Қызыл-орда қаласын ыстық сумен қамту туралы тапсырма берген болатын. Осылайша қызылордалықтардың

арманына айналған көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су қосу мәселесі оң шешімін тапты. Осы мақсатқа 26 млрд. 200 млн. теңге бөлініп, 423 тұрғын үйге жоба әзірленді. Жобалар 2 кезеңмен іске асырылуда.

Бірінші кезеңде 2024 жылы 186 үйді ыстық сумен қамтамасыз ету үшін Үкімет резервінен 11 млрд.теңге қаржы бөлініп, тұрғын үйлер ыстық суға қосылды.

Екінші кезең бойынша 15,2 млрд. теңге қаржыға 237 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтылуда.

Осы бағытта биыл Үкімет резервінен бөлінген 5 млрд.теңгеге 61 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су жеткізілді.

Сондай-ақ, арнаулы мемлекеттік қордан 10,2 млрд.теңге қаржы бөлінді. Қазіргі кезде тұрғын үйлерді ыстық су жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

ҚЫЗЫЛОРДА ЖАРЫҚ САТАДЫ...

Мемлекет басшысының қолдауымен «AKSA Energy» түрік компаниясы Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығын салды. Орталыққа бюджет есебінен 15 млрд. теңгеге 45 шақырым газ құбыры жүргізілді. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған жобалардың бірегейі. Жаңа орталық 240 мегаватт электр қуатын, 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Электр энергиясымен өңірімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік туады.

Еске салсақ, жаңа жылу-электр орталығының жобалау құжаттары 2023 жылы әзірле-ніп, 2024 жылы құрылысы басталды. Инвестициялық шартқа сәйкес станцияның іске қосылуы 2026 жылдың тамыз айына белгіленген. Мемлекет басшысының тікелей бақылауында болғандықтан, станция уақытынан бұрын пайдалануға берілді.

Бүгінде 176 мегаватт электр энергиясын шығаратын газ турбинасы қосылды. Келесі жылдың басында бу турбинасы іске қосылып, қосымша 95 МВт электр энергиясы өндіріледі.

Мемлекет басшысының Қатар сапарында жасалған келісімнің нәтижесінде қуаттылығы 1100 МВт-тық бу-газ қондырғысын жобалау жұмыстары басталды. Қазіргі уақытта 250 гектар жер телімі бөлінді. Жобаның техника-экономикалық негіздемесі әзірленуде.

Жоба аясында «Қызылорда-Жезқазған», «Қызылорда-Шымкент» жоғары қуатты 500 кВт электр желілері салынады. Оған қоса 1,5 мың шақырымдық «Бейнеу-Шымкент» газ құбырының екінші желісі жоспарлануда. Жобаның жалпы құны 3 трлн. теңге, оның 1,7 трлн. теңге болатын 846 шақырым газ құбыры облыс аумағынан өтеді.

200-ге ЖУЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН САЛЫНДЫ

Мемлекет басшысының Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Аймақта 2022 жылдан бері 200-ге жуық халыққа қажетті әлеуметтік нысан салынып, тұрғындар игілігіне берілді. Аймағымызда соңғы 3 жылда алғаш рет барлық ауданда жаңадан тұрғын үйлер салынып, 1 800-ге жуық, атап айтқанда 2023 жылы 430, 2024 жылы 1015, 2025 жылы 332, жалпы 1777 пәтер жерлестерімізге табыс етілді. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын үйлер салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді.

Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру.

«Білімді қолдау қорының» 8 млрд. 400 млн. теңге қаржысына физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты ел игілігіне табысталды. Аталған қор есебінен 2 млрд. 333 млн. теңгеге салынған Арал ауданы Мergenсай ауылындағы 150 орындық мектеп жақын күндері пайдалануға беріледі.

Қызылорда қаласында құрылысына 11 млрд. теңге қаралған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жала-ғаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарында 3 млрд. теңгеден астам қаржыға Оқушылар үйі мен Өнер мектебі, облыс орталығында «ҚазМұнайГаз»

ұлттық компаниясының демеушілігімен 2 млрд. 500 млн теңгеге заманауи Оқушылар сарайы ашылды. «Саутс Ойл» компаниясы музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасын салуға 4 млрд. 800 млн. теңге демеушілік жасады.

Қазіргі уақытта Президент саябағында жыл бойы жұмыс істейтін заманауи балалар тынығу көтері, Ботаникалық білім беру орталығы бой көтеріп келеді. Сондай-ақ, жұмысына мамандарды даярлауға арналған «Құзыреттілік орталығы» ғимараты да басталды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында облыс көлемінде көркейту-көгалдандыру, ауыл аймақтарды абат-тандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Биыл қала-лық мәдени-демалыс паркі қайта жаңғыртудан өтті. Қорқыт Ата мемориалды аллеясы да жаңғыртудан кейін жайлы демалыс орнына айналды.

Жаңарған Президент саябағы тұрғындар көп жиналатын қаладағы көрікті орындардың бірі болады. Бүгінде саябақта бес жұлдызды қонақүй салынууда. Сырдария өзені үстінен Астана шағын ауданы мен екі аралықты байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі құрылысы жоспарланған.

Өңірде 2023 жылдан бері облыстық «Үлгілі елді мекен» конкурсы тұрақты өткізіліп келеді. Үлгілі ауылдарға облыстық бюджет қаржысына алынған 67 арнайы техника табысталды.

Кейінгі жылдары тұрғындарды электр энергиясымен тұрақты қамту бағытында 24 млрд. 200 млн. теңгеге 71 жоба жүзеге асып, тозған желілер 60,8 пайыз төмендеді.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ӘРІ ҚАРАЙ ЖАЛҒАСТЫРАМЫЗ...

ЖОЛ САПАСЫ 100%-ға ЖАҚЫНДАДЫ

Кейінгі 2022-2025 жылдары 1600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөн-деуден өткізуге 150 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Биыл жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. Қызылорда қаласындағы 270 көше қайта жаңғыртылды. Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд. 605 млн. теңге бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті.

айында пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолын 4 жолақтыға ауыстыру жобасы демеушілер есебінен 350 млн. теңгеге өзірленді. Бүгінде қала маңынан айналма жол салу жұмыстары басталады. Екінші бөлігі, яғни Ақтөбе шекарасына дейінгі 462



Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында көлік логистикасын одан әрі дамыту бағыты белгіленіп, «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдету тапсырылған. Автожолдың ұзындығы 559 шақырым, оның 189 шақырымы Арал ауданының Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман, Бердікөл, Сексеуіл ауылдары арқылы өтеді. Бұл өңірдің ең шеткі елді мекендеріндегі жол қатынасын жақсартатады.

Жақында ғана «Қызылорда-Жез-қаған» автомобиль жолының облыс аумағындағы 216 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне берілді. Мамыр айында Арал қаласында 3 млрд. 140 млн. теңгеге салынған 940 метрлік аспалы көпір ашылды. Жаңа-қорған кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпірді де тұрғындар ұзақ жыл күтті, бұл нысан құрылысына 1 млрд. 400 млн. теңге жұмсалып, шілде

шақырымның техника-экономикалық негіздемесі дайындалды. Жоба құны 832 млрд. 812 млн. теңге, құрылыс аяқталғанда жарты мың шақырымға жуық жол І санатқа ауысады.

Мемлекет басшысының қолдауымен Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы ел игілігіне пайдалануға берілді. Жобаны іске асыруға 16 млрд. 700 млн. теңге жеке инвестиция тартылды. Жергілікті бюджеттен

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартуға 4 млрд. 300 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді.

Бүгінде әуежай мемлекеттік субсидиясыз жұмыс жасайды. Жаңа терминалдың жылына 2 млн. жолаушыға дейін қабылдау мүмкіндігі бар. Аптасына 30 рейс, Астана қаласына 18, Алматы қаласына 12, күнделікті 1200-ден астам жолаушыға сапалы, халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетеді.

Қызылорда қаласында 975 млн. теңгеге салынған заманауи автовокзал да жолаушылар игілігіне айналды. Облыс орталығы тұрғындарының қоғамдық көлікке қатысты мәселесін шешу үшін 300 жаңа автобус әкелінді, оған қоса 1 млрд. теңгеге сатып алынған 100 экотакси қалаішілік көлік қаты-

насының жүйеге келуіне оң ықпал етті.

«Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен облыс орталығындағы теміржол вокзалы 600 млн. теңгеден астам қаржыға күрделі жөндеуден өтті. Қазіргі таңда Арал, Сексеуіл, Жалағаш, Тереңөзек вокзалдары қайта салынып, Қазалы, Төретам, Шиелі, Жаңақорған теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өтуде.

Жақында инвесторлар Арал, Жаңақорған аудандарында жол бойындағы заманауи қызмет көрсету кешендерін ашты. Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожол құрылысы қарқынды жүруде. Ал Қармақшы ауданы орталығындағы теміржол арқылы өтетін көпір құрылысы алдағы уақытта басталады.

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗ ҮЙІ БАР

Сыр өңірінің мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. 2022 жылдан бері 20 мәдениет нысаны жаңадан бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Өңірде мәдениет саласында соңғы 3 жылда 21 мәдениет нысаны жаңадан бой көтерді. Оның 9-ы ауылдық клуб, 7-уі «Руханият орталықтары» және Анаға тағзым, Отбасы, Өнер орталықтары мен облыстық тарихи-өлкетану музейі.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен биыл 2 ауылдық клуб салынууда. Аудандағы «Руханият орталықтарында» музей, кітапхана, архив, неке қию залына, ардагерлер мен аналар кеңесіне, жастарға, этномәдени бірлестіктерге, үкіметтік емес ұйымдарға толық жабдықталған жұмыс кабинеттері ашылды.

Қызылорда қаласында «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Көпфункционалды мың орындық «Өнер орталығы» шығармашылық кештер, концерттер мен қоғамдық іс-шаралар өтетін орынға айналды.

Биыл Қызылорданың Қазақ АКСР астанасы болғанына 100 жыл толды. Атаулы датаға орай 2 млрд. 300 млн. теңгеге облыстық тарихи-өлкетану музейінің заманауи жаңа ғимараты ел игілігіне берілді.

Мәдениет саласының қызметкерлеріне көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 пәтер табысталды.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК қолдауымен 3 млрд. 800 млн. теңгеге салынған «Достық үйінің» жаңа ғимараты жақын күндері пайдалануға беріледі.

Жаңадан симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды. Сыр мәдениетінің негізгі бренді, жыраулық дәстүр өкілдерінің отауы Жыраулар үйі ашылды.

Сыр өңірінде мәдениет, өнер және әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында «Тұран» сыйлығын жыл сайын табыстау дәстүрге айналған. Бұған дейін Астана, Алматы қалаларында Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері өтті. Биыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Абай, Шығыс Қазақстан облыстарына да өнер сапары ұйымдастырылды.

Қызылорда облысының өнер мейталмандары Наурыз мерекесін, еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде, атап айтқанда, Испания, Финляндия, Эстония елдерінде насихаттады. Ұлттық мереке Республика күніне орай Швейцарияның бірнеше қаласында Қызылорданың мәдениет және өнер күндері өтті.

“ЕСКІ ВОКЗАЛ ЕШКІМГЕ КЕРЕК ЕМЕС”

Брифинг барысында журналистер Қызылорда қаласындағы ескі “Салтанат” автовокзалына байланысты айтылып жүрген арыз-шағымдардың ақиқатын сұрады. Жергілікті жалға алушылардың айтуынша әкімдік вокзал орналасқан жерді алып қойғысы келіп, әртүрлі тексерістер ұйымдастырып, жұмыстарына кедергі келтіруде.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев: – Вокзалда негізсіз тексерулер жүргізіліп, кәсіпкерлерге кедергі жасалып жатқан жоқ. Өкінішке орай, талап қойылған жағдайда, бірден біреу алып қойғалы жатыр, тіпті әкім өзіне алып қойғысы келеді деген қауесет әңгімелерге үйренгенбіз. Әкімге бұл автовокзалдың керекі не? Ол ешкімге де керек емес. Біздің ешкімге кедергі келтірмейтінімізді, адал, заңмен жұмыс істейтіндерді қолдап отыратынымызды түсінетін уақыт жетті. Алайда, кімде-кім тәртіпті бұзып, қаланың сыртқы келбетіне нұқсан келтіретін болса, баршаға ортақ тәртіпті талап ету – бұл біздің міндетіміз.

Егер де жалға алушылар барлық санитарлық нормаларды, басқа да талаптарды сақтап жұмыс істесе, ешкім де оларға кедергі келтірмейді. Бұл автовокзал өте ескі. Біз иесіне бірнеше рет күрделі жөндеу жасауды, жаңа ғимарат салуды ұсындық. Өрине автовокзал тұрғындарға керек. Шынын айтқанда ешқандай жағдай жасалмағаны өте ұят. Біз бірнеше рет ескерткенмен өкінішке орай кәсіпкерлер құлақ аспады. Басқа кәсіпкерлерге жаңадан автовокзал салуды ұсындық, қолдау болмады.

Облыстық бюджеттен 975 млн. теңге қаржы бөліп, салынған жаңа автовокзал қалада жұмыс істеп тұр. Өзіңіз жолаушы ретінде екі автовокзалда болып, салыстырып көріңіз. Ескінің неге толықтай жұмыс істей алмай тұрғанын, жолаушылардың неге жаңа автовокзалды таңдап жатқанын түсінесіз.



БІЛІМГЕ САЛҒАН ҚАРЖЫ ҚАЙТАРЫМЫ

Білім беру саласына соңғы 3 жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге бөлінді. Өткен жылы 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд. 391 млн. теңгеге 10 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді.

2023 жылдан бері өңірдегі 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтерді. Бұл арқылы үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты салынып, ел игілігіне табысталды. Аталған қордың демеушілігімен Арал ауданы Мергенсай ауылындағы 150 орындық мектеп жақын күндері шәкірттерге есігін айқара ашады.

Кәсіпкер демеушілігімен Арал ауданы Токабай ауылындағы апаттық жағдайдағы мектептің орнына жаңадан білім ордасы салынды. Соңғы үш жылда 15 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

«Қазгермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында 350 орындық Оқушылар сарайы, облыстық бюджет қаржысына Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш аудандарынан 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі, балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынды.

Биыл «Қазақстан халқына» қоры арқылы 500 млн. теңгеге 2 мектеп ауылдық жерлердегі ресурстық орталықтар ретінде интерактивті және

Мемлекет басшысының тапсырмасымен алдағы үш жылда өңірдегі 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Биыл осы мақсатқа облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртылған болатын.

заманауи оқу кабинеттерімен қайта жабдықталды. Бүгінде аталған қордың 2,5 млрд. теңге қаржысына облыстағы 58, оның ішінде 8 шағын жинақты мектептің физика, химия, биология пәндік кабинеттері құрал-жабдықтармен қамтылды.

Білім саласын қолдаудың бағытында Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесімен Қызылорда облысы республикада екінші жыл қатарынан үздік атанды, яғни ҰБТ-ға қатысқан 9 352 оқушының орташа баллы 75,7 болды. Республикалық орташа көрсеткіш – 70,1. Талапкерлер жоғары оқу орындарына бөлінген мемлекеттік грантты жеңіп алу бойынша да республикада бірінші орынға шықты.

Жақында өткен ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысының командасы қоғамдық-гуманитарлық бағытта 2-орын, жаратылыстану-математикалық бағытта 3-орынды иеленді.

Боливияның Сукре қаласында өткен 36-халықаралық олимпиадада (International Olympiad in Informatics-IOI) Қазақстан құрама командасы атынан сайысқа түскен Қызылорда қаласындағы С.Шаухаманов атындағы №9 Білім-инновация лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Мамадахунов Мансур күміс медаль алды.

WORLD SKILLS KAZAKHSTAN X республикалық чемпионатында қызылордалық жастар 1 күміс, 5 қола медаль және 5 үздік маман медальонына ие болды.

ХАЛЫҚ ТАЙҚАЗАНЫ ТОЛЫП ТҰР...

Сыр өңірінде экономикалық дамуың макроқорсеткіштері бойынша оң динамика қалыптасты. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында өткен 11 айдың қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығының өсімі қамтамасыз етілді.

Жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн. 100 млрд. теңге (108,1%), жыл қорытындысымен 3 трлн. 700 млрд. теңгеге жетіп, 6,5 пайыздық өсім қамтамасыз етіледі (2021 жылмен салыстырғанда 2 есе артық).

Аймақ бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңге болып, 2021 жылдан бері 246 пайыз өсті. Оның 56 пайызы (477,6 млрд. трлн) әлеуметтік салаға бағытталған. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд. теңге болса, биыл 207 млрд. теңгеге жетіп, 4,4 есе артты.

Өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. 2022-2024 жылдары облыс экономикасына 1 трлн. 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылса, биылға 631 млрд. 400 млн. теңге жоспарланған. Бүгінде жаңа жобаларды іске қосу арқылы жоспар 750 млрд. теңгеден асып, 13,7%ға артығымен орындалды.

2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайызға өсті, жеке инвестицияның үлесі 70 пайыз.

Кәсіпкерлікті қолдауға 2022-2024 жылдары әртүрлі көздерден бөлінген 203 млрд. 81 млн. теңгеге 16 634 жоба қаржыландырылды. Оның 37 млрд. 962 млн. теңгесі – мемлекеттік бағдарламалар қаражаты. Биыл 40 млрд. теңгеге 2 464 жоба қолдау тауып, кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі 21% болады.

Облыс экономикасының негізгі саласы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға соңғы 3 жылда 43 млрд. теңге қаржы бөлінді. Шаруашылықтар есебінен 41 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Корея Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының бірі Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен келіссөздер жүргізіліп, 2023 жылы 6 қарашада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Жасанды интеллект институты ашылды.

Президент тапсырмаларын жүйелі іске асырып, Әділетті,

Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың брифингте жасаған баяндамасынан.

Кітапхана

107 көкек

Таңертең өлденеге елегізіп, үлкен бір шаруадан кеш қалғандай, немесе пойыздан, ия ұшақтан қалып қойған жолаушйдай абыржыған күйде ояндым.

Басымды көтергенде бірінші көргенім — тумбочка үстінде жатқан хат болды. Жүрегім зырқ ете қалды. Ұрей оты тамыр-тамырымды қуалап, лезде жан дүниемді шарпыды. Апыл-ғұпыл бүктеулі жатқан қағазды аштым — со-ның өзі. Хатты оқи бастағанда үрей-дің сыртында «не жазды екен» деген әлдебір қызығушылық сезімінен де құр-алақан емес екенімді байқап тұрмын.

«Бейтаныс құрбым! Жауап жазға-ныңызға рақмет. Бәрі де мен күткен-дей болды. Сіз қалыптасқан тұрақты көзқарастың адамы екенсіз.

Болмыс ұшы-қиыры жоқ базар секілді. Әркім сол базардан өзіне кере-гін ғана алады. Қалыптасқан көзқарас бойынша, керек емес заттың керегі жоқ. Бірақ сіз керек емес затты да бір алып көріңізіі. Барлық қызық содан басталады. Бұл — қалыптасқан дағ-дыны бұзу, жаңалыққа құштарлық. Тір-шілік жаңашыл танымның арқасында ғана дамитынына дауыңыз жоқ шығар.

Арғы-бөргі тарихқа көз жіберген кісі адамзатты бақытты болды деп айта алмас. Жер бетіндегі қырғын соғыстар, аштық, апат, індет, адам баласының бойынан арылмаған қия-нат, қайыршылық, ол аз болса, бүгінгі табиғат берті: бұзылған ауа, уланған су мен топырақ — соның дәлелі.

Мұның бәрін былай қойғанда, жеке адамның тағдырын — тіпті мына екеуміздің тағдырымызды — алайық-шы. Бақыттымыз ба? Өз басым бақыттымын деп айта алмаймын. Өмірдегі осынша қиянат пен әділет-сіздікті көре тұрып, жеңе одан құтыла алмасыңды біле тұрып, қайтып бақытты боласың ? Сан ғасыр бойына ізгілік пен адалдыққа үмітіңді артсаң да, сол үміт өмір шындығымен бетпе-бет келгенде баланың ойыншығындай быт-шыт болатынын тарих қанша рет дәлелдесе де, ештеңе ұқпайтын нақұрыстай алған бетімізден қайт-паймыз. Соқыр ұстағанынан жазбайды дейді. Бәлкім, бұл — рухани соқырлық болар.

Бөріне сенумен келеміз. Отқа да сендік, суға да сендік, табынбаған заттымыз қалмады. Құдайға да, пайғам-барға да сендік. Көсемге де, шешенге де сендік. Бірақ адамзаттың қасіреті содан жеңілдеді ме? Адамзат қанша ғасыр өмір сүрсе, сонша ғасыр алданып келеді. «Ізгіліктің жеңісіне сеніндер», — дейді ақын-жазушылар. Ол жеңіс қашан болады? Ізгілік қай ғасырда же-ңіске жетпек? Анық дәлел бар ма? Жоқ. Тек солай болса екен деген тілек қана.

Сонда осынша бақытсыздықтың себебі не деген заңды сұрақ туады. Негізгі себебі — ақыл-ой кеңістігінде адамзаттың осы уақытқа дейін ада-сып келгені; оның рухани әлеміндегі жақсылық пен жамандық немесе ізгілік пен қиянат деп аталатын ұлы ғибадатханалардың қате салынуы.

Олай болса, ар-ұят, адамгершілік, әділет туралы түсініктерімізді қайта жасауымыз керек.

«Жаман деп жүргенімізді жақсы деузе батылымыз жеткен күні біздің өмірімізде ұлы кезеңдер басталады», — дейді Ф.Ницше.

Ескі ұғым, ескі қағида, ескі дағды біздің ақыл-ойымызды буып, шындық пен ақиқаттың жүзін дұрыс көрсет-пейді.

Қаншама тарихи тұлғалар кезінде әйкәпір атанып, отқа өртеліп, дарға асылып, елден аласталды — кейін пайғамбарлар қатарына қосылды. Әдебиет пен өнер саласында қаншама көркем туындылар ең өркенетті елдердің өзінде қоғамдық моральға үйлеспейтін «ұятсыз» шығармалар деп танылып, оларға тиым салынып, жаңа заман, жаңа ұрпақ келгенде ең озық туындылар қатарынан орын алды. Осының бәрі ескі ұғымның сал-дары. Одан босанған сәтте-ақ сана-мызға нұр бітіп, алдымыздан анық та, айқын басқа өмір басталады. Ен-деше біздің санамызға бостандық керек. Ақыл-ойдың аззаттығы керек. Оны тоқтатар ешқандай кедергі болуға тиісті емес. Тек рухани шексіз бостандық қана адамзатты бақытты ете алады.

Сәлеммен, Бейтаныс құрбыңыз».

Жақсылық та, жамандық та алды-мен дүниеге идея күйінде келеді. Сосын іске асады, сенімге айналады. Ал мына хаттағы идеяларды рухани әлемге тасталған атом бомбасы деп қана қарауға болады. Оның зардабын болжау мүмкін емес...

Бұдан әрі ойлауға шамам жетпеді. Жүйке тамырымның тартылған сымдай сіресіп, үзілуідің аз-ақ алдында тұрғанын сезіп, соны босату үшін айқайлап коридорға шықтым:

— Бұл не деген сұрқиялық?! Не қылған адам өзі? Неге менің бөлмеме сұраусыз кіреді?

Жүгіріп медбике келді. Жұмысқа жақында тұрған әйел еді.

— Сіз не бітіріп жүрісіз? - деп бажыл-

даймын оған өзімді-өзім тоқтата алмай. — Бетен адамды неге кіргізесіз менің бөлмеме?

Медбике мені әрең дегенде сабырға шақырып, не болғанын сұрады. Мен оған жөппелдемеде ештенге түсіндіріп бере алмадым. Тек хатты көрсетіп: «Мінеки, мінеки, бұдан артық қандай дәлел керек?» — дегенді қайталай беремін.

Ақыры медбике не болғанына түсінді. — Мен барда сіздің бөлмеңізге ешкім де кірген жоқ,- деді маған таңырқай қарап.

— Қалайша кірген жоқ? Міне, міне, — деймін тағы да хатты көрсетіп.

— Жақсы, — деді ол өлден соң бір

ТӨЛЕН ӘБДІКОВ

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

құпияның бар екенін сезгендей болып. — Сіз қазір жатып демалыңыз, сабырға келіңіз. Сосын көреміз.

Медбике мені бөлмеге кіргізіп, тыныштандыратын дәрі берді де:

— Бүгін далаға шықпай-ақ қойыңыз.

Егер кешке қарай мазаныз болмаса, кезекші дәрігерден жатарға укол сұраңыз, — деп ақыл қосты.

— Сіз ғафу етіңіз, - дедім мен бейбіт

үнмен медбикенің қолынан ұстап. — Ыза болған соң, даусым шығып кетті. Мен сандырақтап отырған жоқпын. Сенесіз бе? Мен бір тығырыққа тірелгендей жағдайда жүрмін. Осында келгелі бір адамнан хат аламын. Соңғысы — мынау. Бірақ кім екенін білмеймін. Мазақ қылғандай кейде бөлмеме тастап кетеді. — Қолымдағы хатты тағы көрсеттім. — Аңдығаныма біраз болды. Жүйкеме тиіп жүрген нәрсе — осы.

Медбике шын ойланып:

— Хатты қашан көрдіңіз? — деді.

— Осы жаңа ғана.

— Жаңа ғана? — деп қайталады ол шошығандай бір үнмен. — Жарайды,- деді сосын шығуға бет алып. — Мен жақында келген адаммын, көбін әлі тани қоймаймын... Бірақ, байқап жүреімін. Ал сіз дем алып жата тұрыңыз, — деп есікті сыртынан жапты.

Мен байыз тауып жата алмадым. Сағат 11-де аутотренингте бардым. Бірақ ішімдегі жайсыз ойлардың мазамды алғаны сонша дәрігер қыздың әдемі еріні мен маржандай тістері, жұмсақ үні, жан рахатына шақырған сиқырлы сөздері, қиял тербеген музыка — бәрі де әсер етпеді.

Ақыры кешке хат жазуға отырдым.

«Құрметті бейтаныс! Сіз бен біздің тығылмақ ойнап, айтқысқанымызға біраз болды. Олай болатын себебі — екеуміз де біріді айтып, біраз кетеліміз. Әрқайсымыз өзіміздікін дәлелдеу үшін, бүкіл жиған-тергенімізді ортаға салып, өзімізге тиімді дәлелдер мен қисындарға ғана жүгінеміз. Егер айтар ойымыз бен жүгінер шындығымызды нақты алғышарттарға негіздемесек, сіз екеуміз өмір бойы айтысып өтуіміз мүмкін.

Сонымен, сіздің айтуыңызша, адам-заттың осы кезге дейінгі жүріп өткен рухани жолы — жалған, өйткені адам баласының әу бастағы бетке алған темірқазығы — адамгершілік мұраты дұрыс емес. Ізгілік, қиянат, махаббат, адалдық, арамдық деген ұғымдар қате қалыптасқан. Сондықтан ең алдымен мұраттың өзінен бас тарту керек. Бәлкім, «бас тарту» деген сөз жоқ та шығар, бірақ түптеп келгенде айтар ойдың тоқ етері — осы.

Ал, меніңше, адамдар осы кезге дейін қалыптасқан адамгершілік қағидаттарын орындағаннан емес, керісінше, орындамағаннан рухани тоқырауға ұшырап отыр. Рухани ғибадатханаларды қате салғаннан емес, керісінше, қасиетті орындарды қадірлемегеннен, құндамағаннан, ластағаннан бақытсыз болып отыр.

Рас, дүниеге келеген жан иесінің бәрі де бостандыққа ұмтылады. Бос-тандық, сіздің ойыңызша, қолбай-лаудан босану. Шынында да бостандық «босану»(құтылу) деген сөзден пайда болған. Бірақ, қолды текжамандыққана байлай ма екен? Парыз, обал,сауап, ар-ұят деген ұғымдар бар емес пе? Сонда ар-ұяттың қолбайлауынан босанған кезді де бостандық дейміз бе? Олай қарасақ, бүкіл тежеусіз істің бәрі — имансыздық, қылмыс, алдау-арбау, жезөкшелік — қысқасы, ойға не келсе, соның бәрін істеу (ал ойға не келмейді!) — бостандық болып шықпай ма? Ойларына не келсе, соны істеген Рим uezарлары — Нерон, Калигула және басқалар шын мәнінде, нағыз бостан жандар болар еді. Өйткені олар белгілі бір қалыптасқан қағидаға бағынған жоқ, бәрін бұзды; өз шешелерімен ашына болды, кіндіп жүрген бірақ атты саятка мүше кіріпді т.с.с. Битрақ, ит-тің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. Оларға тарихтың бағасы да, үкімі де берілді.

Бәлкім, адамзатты осынау жын-ойнақтан сақтап қалған дін болар.

Соның арқасында есірген ібіліс ауыз-дықталмаса да, жазғырылатын болды. Адам санасына бір құдайдың келуі енді оның ешқашанда хайуан бола алмайтынын, сол себепті хайуани бостандықпен өмір сүруе хақысы жоқ екенін білдірді. Соның арқасында өз қыздарына өздері үйленіп жүрген «бос-тан» жандар ойларына келгенді істей алмай, шаршаптен шектеліп қалды.

Бірақ сіз ойлағандай, бостандықты өзге өмірден бөліп алып, оған пұтқа табынғандай табынатын болсақ, әлгі жын-ойнаққа қайтып келуіміз әбден мүмкін.

Адам адам болғаннан бастап, оның жан дүниесінің түкпіріндегі зын-

«Ізгілік қай ғасырда жеңіске жетеді? Анық дәлел бар ма?» — депсіз. Ізгіліктің жеңісін жер бетінен зұлымдықтың түп-тамырымен жойылып кетуі деп түсінсек, тым қарабайырлық болар еді, әрине. Ізгіліктің жеңісі — ізгілік туралы идеяның адамзат санасына берік орнауы.

Дегенмен, бұл мәселенің бір-ақ жағы. Жеңіс пен жеңілістің ара-қаты-насын сіз бен біз әлі анықтаған жоқпыз. Қазіргі ұғымда жеңіс бізге рингте қарсылысын ұрып жыққан боксердің немесе арзанқол кинофильмдерде өз жауын атып құлатқан боевиктің еншісіндей ғана елестейді. Яғни қанша тапқанның бәрі — жеңілгендер.

Алайда, адам төзеісіз қаталдықпен жау қолынан қаза тапқан Иса пайғамбардың жеңілісі ақыры адамзат үшін нағыз ұлы жеңіс болып шыққан жоқ па?! Өмірде осындай жеңіске бераісіз жеңілістер бар. Немесе уядағы балапанын қорғап, жыланның аузына өзі құлап өлген торғайдың ерлігінен артық қандай ерлік болуы мүмкін?! Бұл да жеңіске бераісіз жеңіліс емес пе? Таң қалсақ, осыған неге таң қалмаймыз?

Жалпы ерлік дегеннің өзі не нәрсе? «Кеселді кісінің ер келетұғыны несі?» — дейді Абай. Қарап отырсаңыз, біздің көбіне ер дейтініміз кеселді іске жүрек жұтқандар. Қаннан қорықпау, кісі өлтіруден, понаудан, қанаудан қорықтау. Қысқасы, қарақшылар мен жендеттер ер деген атқа ең лайық жандар болып шығады. Ал руха-ни ерлікті қайтеміз? Мәселен, өз мініңмен қателігінді мойындаудан қорықтау, өзгеге қаталдық емес (одан оңай не бар), өзіңе қаталдық көрсете білу, өзінді жазалай білу, қысқасы, ең алдымен өзіңді өзін жеңе білу — мұның бәрі ерлікке жатпай ма? Өзінен әлеқайда күшті жаудың аузына өз еркімен түсуеғе жүрегің дауалата білген жаңағы торғайдың ерлігін арыстанның қайталай алмауы әбден мүмкін. Бәлкім, осы тұрғыдан кейбір ұғымдарды қайта қарауға тұра келетін шығар.

Сіздің бүкіл идеяңыз «ізгілік мұрат-тарын жер бетіндегі адамдардың кемелденбеген өміріне сәйкес кел-мейді» деген тұжырымға негізделген. Рас, анық өмірде кемеліне келеен мүлтіксіз ештеңе жоқ. Бар болса, ол әрі қарай дамымас та еді. Жер бетіндегі тіршіліктің мәңгілігінің өзі мәңгі дамуға негізделген. Сондықтан кемеліне жеткен мүлтіксіз ештеңе болуға тиісті емес. Бірақ суретші иә мүсінші өз туындысын жасағанда міндетті түрде жаңағы өмірде жоқ кемелдікке ұмтылады. Оған ешқа-шанда жете алмасын өзі де біледі. Алайда соның арқасында талай тама-ша өнер туындыларының дүниеге келетіні белгілі.

Емделмейтін ауруларды емдеу ар-қылы, алынбайтын қамалдарға жасал-ған шабуылдар арқылы, сол жолдағы жеңіске бераісіз жеңілістер арқылы адамдар ғажайып рухани биіктерге көтеріледі, адами мүмкіндіктің көкжие-гін кеңейтеді.

Ендеше мұраттың қарабайыр тір-шілікке сәйкес келмеуі оның кемшілігі емес, керісінше, артықшылығы болмақ.

Өмірді жақсартуға болатын ізгі сезімдер мен ізгі шартттарды құ-дай бәріміздің бойымызға берген. Енді сол шартттар мен ойға алған ниеттердің іске аспағанын өзіміз-дің табансыздығымыз бен жігерсіз-дігімізден көрудің орынына, ар-ұят-тың құдіретімен жасалған қасиетті ұғымдары тәрк етіп, бүкіл адамзат-тың парасатын жоққа шығарғымыз келеді.

Адами өмірдің заңын адам жасай-ды. Ол заңның іске асуы өзіміздің құл-қымызға байланысты. Рас, таби-ғаттың ірге тасында біздің қасиетті сезімдерімізді қорлайтын қатал заңдар көп. Бірақ,табиғаттың ол заңдарымен өмір сүретіндей, оны өзімізге тіршілік шарты етіп алмайтын — біз хайуан емеспіз ғой.

Айталық, тәңірі үшін, махаббат үшін, ұлы мақсат-мұрат үшін өзін-өзі құрбандыққа шалу немесе өмірдің рахат-қызығынан өз еркімен бас тар-ту, қасіреттен тазару тағы сол сия-қты әулие қасиеттер табиғат заңында (дәлірек айтсақ, хайуанат заңында) бар ма? Жоқ. Әулиелікке адамнан басқа жан иесі түсінбейді. Олай болса, хайуандар әлемінің заңдарын таби-ғат заңы деп желеу етіп, өз күнемізді ақтау үшін санамызды сарсаңға салып, небір қисынды қиыннан қиыстырып, құдай берген қабілетімізді босқа сарыққаниша, кісілік парасатқа лайық-ты шарттармен өмір сүргеніміз дұрыс емес пе? Ал оған шамамыз жетпесе — мейлі жетпесін, бірақ алған бетімізден неге қайтамыз?

Алған беттен қайттық екен, онда бойымыздағы парасат сезімдері желеу ұшып, оның орынына хайуани сезімдер бас көтереді. Өзіміздің хайуан екені-мізді сезген сәтте-ақ бүкіл адами міндеттерді жеңілдетіп, күңә мен қылмыстарымызды ақтап, өзімізді емес, ар мен ұяттың қағидаларын «жөндеуге» кірісеміз. Бұрыстың бәрін дұрыс қылып заңдастыру әрекетін бастаймыз. Яғни кісі өлтірсек те, «бұл табиғатта бар нәрсе, солай болған, болып келеді, бола бермек».

Осыдан кейін бостандық. Не іс-теймін десең де, өз еркін. Күңеға бат, арыңды сат, жарыңды сат, алда-арба — өйткені адам мақсатты

түрде күнәһар болып жаратылған. Табиғат заңы осындай. Қандай рахат! Бостандыққа шыққан баскесердей ойыңа не келсе, соны істейсің. (Сіздің «қол созым жерде тұрған бақыт құсыңыз» осы болар).

Жоқ, бейтаныс замандас! Өмір деген ұлы Ойынның ережесі баяғыда жасалған. Әдетте ережені төменгі дәрежедегі ойыншылардың жиі бұза-тынын және олар үшін ереже қашан да ауыр жүк екенін есіңізге салғым келеді. Қош болыңыз!

Бейтаныс.

Айтпақшы! Кезінде әйкәпір атанып, отқа өртелген, дарға асылған, ел-ден аласталған пайғамбарлар, туым салынған әуәлігі шығармалар қиянат-ты қарапайым халықтан емес, билік жүресінен көрді. Ал халық өзінің есте сақтау қабілеті арқылы оларды тарих ажалынан аман алып қалды.»

Мен хатты каридордағы келісілген жерге апарып тықтым да, бөлмеге келіп, өзім жазған хаттың әсерімен ойланып ұзақ жаттым.

Менің мазамды алған ең алғашқы хатта келтірілген қытай философия-сындағы «Ян» мен «Инь»-нің арақа-тынасы. Бір заттың мезгіл-мезгіл көреғар екі күшке айналып тұратынын мойындайын. Бірақ осы кереғар екі күш қалайша өздерінің мән-мағы-наларынан айрылуға тиісті? Неге ақ пен қара, адал мен арам, ізгілік пен қиянат іштей былығып, бір-бірімен ми-дай аларасуы керек? Топып жатқан шығғалаң ойлармен көз байламай, анық ақылмен, сезіммен пайымдасақ, тамақ пісіріп жатқан қазан түбіндегі от пен адамдардың жиған-тергенін күлге айналдырып жатқан сұрапыл өртті түбі бір деп бір құбылысқа айналдыруға бола ма? Жоқ. Екеуі бір табаққа сыймайтын құбылыс. Алайда екеуінің бір табақта жатқаны кімге керек болуы мүмкін?

Осының бәрі, меніңше, адалға да, арамға да, ізгілікке де, қиянатқа да жататын рухани қосмекенділердің көбеюінен. Рухани гермофродиттердің көбеюінен. Кембағалдар қашан да өмірге өшпенділікпен қарайды.

Мен бейтаныс құрбымның бойынан террористік бір қасиет байқаймын. Ол адам баласының ғасырлар бойы ақыл-парасаты мен жігерін жұмсап тұрғызған рухани ғимаратын тас-талқан етіп жарғысы келеді де тұрады. Егер ол пиялғ орындалса, адамзаттың сан мың жылдық еңбегінің зая кеткені. Бұдан кейін қаласаң да, қаламасаң да — хайуанаттар әлеміне қайтып баруға тура келеді.

Рухани терроризмге қарсы күрес керек.

118 көкек

Жалғыздық жайында көп ойландым. Қыпңдыққа да, қиянатқа да, зорлық-зомбылыққа да, жала мен бөлеге де түзеуге болатын секілді. Түзеуге қиын жалғыз нәрсе — жалғыздық.

Адам өмірі құнсызданған кедей елдерден гөрі төрт құбыласы түгел дүулетті елдерде адамдардың өзіне-өзі қол салу әрекеттері көп дейді. Себептері әртүрлі: айықпас дерт, алданған махаббат, адыққан арман, түзелмес тұрмыс т.с.с. Бұлардың бәрін де бір ғана жалғыздық деген ұғымға сындыруға болады. Дауасыз дертке шалдыққандардың бәрі өздерін өздері өлтіре бермейтіндері белгілі. Төңірегінде қасіретінді белісетін, тіршіліктегі әр сәтіңе қуанатын қалың қауым қауаалап тұрғанда ешқашанда өзіңе-өзің қол жұмсай алмас едің. Тағдырдың топып жатқан басқа да соққылары, белісетін жан болса, сені есеңгірте алмайды. Адамның жұлын-жүйкесінің қайғы-қасіретке төтеп бере алмауы жан азабын белісетін жақын жанның жоқтығынан. Ондай кезде жалғыз өміршіш — Жалғыздық. Ғашығндай жабысқан, түнде түсінде, күндіз ісінде серік болған, жатырлас сыңарың. Жалғыздық — енді сенің тағдырың. Етегінен ұста да, о дүниенің ызғарлы да тұманды кеңістігіне сүңгі бер.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ЖЕКЕ КЛИНИКАДА МӘМС БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жеке клиникаларда МӘМС бойынша медициналық қызметтердіалу мүмкіндігін түсіндірді. Бұл мүмкіндік әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін әзірлеу кезінде бастапқыдан қарастырылған және бүгінгі күнге дейін қолданыста, – дейді Қордың баспасөз қызметі.

– **Ол қалай жұмыс істейді?**

– Қызмет көрсететін емхана өз пациентіне МӘМС жүйесінде жұмыс істейтін кез келген клиникаға жолдама бере алады. Бұл жағдайда пациент медициналық қызмет үшін ақы төлемейді. Себебі көрсетілген қызметті қаржыландыру Қор тарапынан қосалқы орындау шарты аясында жүргізіледі.

– **Қай кезде қолданылуы мүмкін?**

– Егер қызмет көрсететін емханада белгілі бір консультацияны алуға қажетті профильді дәрігер болмаса немесе белгілі бір диагностикалық қызметті өткізуге арналған жабдық жетіспесе пациентті басқа клиникаға жібереді. Мысалы, бірқатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында тіркелген халық саны аз болғандықтан, кейбір тар бейінді дәрігерлер (мысалы, пульмонолог, аллерголог, ангиохирург) болмауы мүмкін немесе УДЗ, рентген аппараттары жоқ. Осындай қызметтер пациенттерге қажет болған жағдайда, оларды емхана қосалқы орындау туралы келісімшарт жасасқан клиникаға жібереді.

Сонымен қатар емханада қажетті мамандар мен жабдық болғанымен, жазылу бір айға толып қалған жағдайлар да кездеседі. Сондай-ақ қажет маман еңбек демалысында болса немесе жабдық уақытша істен шықса осы механизм қолданылады.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КРЕДИТІ БОЙЫНША ТӨЛЕМДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ: НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

2024 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде мерзімді әскери қызмет өткеретін азаматтар микрокредиттер мен банктік қарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру құқығына ие болды. Қағидаларға сәйкес, барлық қызмет ету мерзіміне және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде пайыздар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелмей төлемдер бойынша кейінге қалдыру беріледі.

2025 жылғы қарашадағы мәліметтер бойынша, мерзімді әскери қызметке шақырылған 21,9 мың қарыз алушының ішінен 19,2 мыңы қарыздар бойынша кейінге қалдыру мүмкіндігін алды. Берілген кейінге қалдырудың жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені құрады.

- **Кейінге қалдыру мүмкіндігін алу үшін не істеу керек?**

Кейінге қалдыру өтінішсіз беріледі: әскерге шақыру туралы деректерді Қорғаныс министрлігі кредиттік бюроға, содан кейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына жібереді. Банктер мен микроқаржы ұйымдары хабарлама алған сөттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде кейінге қалдыру мүмкіндігін ұсынуға міндетті.

Хабарлау жазбаша және/немесе онлайн режимінде жеке қатысу немесе қосымша келісімдерге қол қою қажеттілігінсіз жүзеге асырылады. Шара негізгі борышқа және есептелетін сыйақыға қолданылады. Сондай-ақ, кейінге қалдыру кезеңінде айыппұлдар, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алу шараларын қолдануға тыйым салынады. Әскери бөлімнің тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған жағдайда, кейінге қалдыру тағы 60 күнге сақталады.

Кейінге қалдырудан бас тартуды қаласа, қарыз алушы жазбаша өтінішті банк хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде жіберуге құқылы, мұндай жағдайда кредитор кейінге қалдыруды қолданудың күшін жояды.

Егер кредит бойынша сот шешімі шығарылса, татуласу келісімі жасалса немесе атқарушылық жазба ресімделсе, кейінге қалдыру берілмейді.

Кейінге қалдыруды автоматты түрде алмаған жағдайда әскери қызметші қаржы ұйымына жазбаша өтініш жібере алады, мәселе реттелмеген жағдайда банк/микроқаржы омбудсманына және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгіне алады.

ЕГЕР АТЫҢЫЗҒА АЛАЯҚТЫҚ КРЕДИТ РЕСІМДЕЛСЕ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- **Дереу банкке немесе микроқаржы ұйымына(МҚҰ) хабарласыңыз.**

Кредиттің алаяқтық жолмен ресімделгенін айтып кредиторға қоңырау шалыңыз немесе жазыңыз. Мыналарды: картаны, шотты және қосымшаны бұғаттауды; жүгіну фактісін тіркеуді талап етіңіз.

- **Полицияға хабарласыңыз.**

Полицияға өтініш бериңіз (eGov, eOtinish немесе жеке барып). Банктің/МҚҰ-ның күнін, сомасын және атауын көрсетіңіз. Барлық дәлелдемені (SMS, алаяқтар қоңырау шалған нөмірлердің скриншоттары, хат-хабарлар, үзінді-көшірмелері) қоса беріңіз.

- **Проекттік құжатты алыңыз.**

Полиция: жәбірленуші деп тану туралы қаулыны (ҚПК-нің 71-бабы), немесе қылмысқа ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі шаралар қабылдау туралы ұсынуды (ҚПК-нің 200-бабы) беруге тиіс, құжат тікелей кредиторға жіберіледі. Бұл құжат кредитордың пайызды (айыпақыны) есептеуін және қарызды өндіріп алуын тоқтата тұру үшін қажет.

- **Есептеулердің тоқтатыла тұрғанын тексеріңіз.**

Кредитор полиция құжатын алғаннан кейін күнтізбелік 3 күн ішінде:

пайызды және айыпақыны (өсімпұл, айыппұл) есептеуді тоқтатуға;

Мұндай жағдайда пациент қажетті медициналық қызметті алу үшін басқа клиникаға, оның ішінде жеке клиникаға жолдама сұрауға құқылы.

Маңызды! Жолдама тек Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілер базасында тіркелген жеке клиникаларға ғана беріледі.

Бұл ретте пациенттің емханасы мен аталған клиника арасында қосалқы орындау шартының бар-жоғы маңызды емес. Себебі жолдама жасалған кезде ол ақпараттық жүйеде автоматты түрде қалыптастырылады.

Жеке клиникада пациенттер тек консультация алып, немесе диагностикалық процедуралардан өтіп қана қоймай, күндізгі немесе тәуліктік стационар жағдайында, оның ішінде МӘМС шеңберіне кіретін әртүрлі операцияларды жасау үшін де ем қабылдай алады.

– **Пациент құқығы қалай қорғалады?**

– Егер пациент қажетті медициналық қызметке жолдама ала алмаса, ол емхана жанындағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Оң шешім болмаған жағдайда, бұл факті бойынша тексеру жүргізу үшін Қорға ресми өтініш жолдауға болады.

Қор атап өткендей кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті пациентке емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын зерттеп, шағымдары мен байқалатын белгілерін бағалайды. Тек тиісті көрсетілмдер болған кезде ғана зертханалық және аспаптық зерттеулерге немесе профильді маманның консультациясына жолдама береді.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС бойынша қызмет алу үшін сақтандырылған болу қажет.

ӨЗІНДІ КРЕДИТТІК АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ КЕРЕК?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі кредиттік алаяқтықтан қорғау үшін шаралар қабылдау қажеттілігін еске салады және қолда бар құралдарды пайдалануды және қарыздарды ресімдеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтауды ұсынады.

Сіздің атыңызға алаяқтық кредитті ресімдеу тәуекелін азайту үшін:

eGov.kz порталында, eGov mobile қосымшасында немесе кредиттік бюро арқылы **«Stop кредит» қызметін қосыңыз**. Бұл сіздің атыңызға кредит алу мүмкіндігін бақылауға мүмкіндік береді.

Кодтарыңызды құпия сақтаңыз. Қоңырау шалушы адам өзін банк, қауіпсіздік қызметі немесе мемлекеттік органдардың қызметкері деп таныстырса да, ешқашан және ешкімге СМС-кодтарды, PIN-кодтарды, бір реттік парольдерді (ОТР) немесе Secure-кодтарды бермеңіз.

Бейтаныс адамдардың өтініші бойынша өзіңіздің телефоныңызға немесе компьютеріңізге қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын орнатпаңыз.

СМС, мессенджерлер немесе жарнамалық хабарландырулардан күмәнді сілтемелер бойынша өтпеңіз.

Онлайн банкінкте жеке басқа да маңызды сервистерге кіру үшін екі факторлық аутентификацияны пайдаланыңыз.

Кредиттік бюроларда **өзіңізді кредиттік есебіңізді үнемі тексеріп отырыңыз** – бұл рұқсат етілмеген қарыздарды уақтылы анықтауға көмектеседі. Осы нұсқауларды орындау арқылы сіз кредиттік алаяқтықтың құрбаны болу тәуекелін айтарлықтай азайтасыз.

Жүктілік – денсаулыққа ерекше назар қажет ететін кезең. Осы ретте көптеген болашақ аналарды МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін алу, жарна төлеу қажет пе, қандай медициналық қызметтерді тегін алуға болады? Бұл мәселелер бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева түсіндіріп берді.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРЫЛАДЫ?

– **Мен жүкті әйелмін және ресми түрде жұмыс істеймін. Маған жарна төлеу керек пе?**

– Егер сіз ресми түрде жұмыс ітесеніз, МӘМС-ке жарналар мен аударымдарды жұмыс беруші төлейді. Ай сайын еңбекақыңыздан 2% мөлшерінде жарна ұсталады. Ал, жұмыс беруші өз қаражаты есебінен 3% аударым жасайды. Жүктілік бойынша демалысқа шыққанға дейін бұл міндеттемелер толықтай жұмыс беруші тарапынан сақталады.

– **Мен жүкті әйелмін, еш жерде жұмыс істемеймін, жеке кәсібім жоқ. Сақтандыруды қалай аламын?**

– Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер мемлекет жарна төлейтін жеңілдік санатына жатады. Ол үшін өзіңіз тіркелген емханаға барып, жүктілік бойынша есепке тұру қажет. Деректер жүйеге енгізілгеннен кейін әйелге сақтандырылған мәртебесі беріледі. Яғни, жарнаны өзіңіз төлеудің қажеті жоқ.

– **Мен жүкті әйелмін және жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенмін. Табысым жоқ, «нөлдік» есеп тапсырамын. Жеңілдік санатына кіремін бе?**

– Жеңілдік санатына жұмыс істемейтін жүкті әйел ғана кіреді. Яғни, жүктілік бойынша есепте тұрған, ресми жұмыс істемейтін әрі жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген әйел. Егер сіз жеке кәсіпкер ретінде тіркелген болсаңыз және қызметіңіз ресми тоқтатылмаса, МӘМС-ке жеке кәсіпкер ретінде жарна төлеуіңіз қажет (2025 жылғы төлем мөлшері – 5 950 теңге).

Жеке кәсіпкерліктің табысы болмауына байланысты «нөлдік» есепті тапсыра бересіз. Бірақ, төлем жүргізу тоқтамайды. Жеңілдік санатына ену үшін жеке кәсіпкерліктің қызметін ресми түрде тоқтату қажет.

– **Мен ресми жұмыс істемеймін, бірақ жүкті бола тұра жеңілдік мәртебесінен шығып қалдым. Нәліктен?**

– Жүйеде міндетті зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар пайда болған жағдайда жеңілдік мәртебесі алынып тасталуы мүмкін. Бұл – әйелдің табыс алып, «жұмыс істемейтін» санатына сәйкес келмейтінін білдіреді.

Мұндай жағдай көбіне жүкті әйелдердің жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, аударымдар жаса-

уы салдарынан орын алады. Мәртебені қалпына келтіру үшін жеке кәсіпкерліктің қызметін ресми тоқтату қажет.

– **Жүкті әйелге МӘМС бойынша сақтандыру қажет пе?**

– Иә. Барлық жүкті әйелдер МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуы тиіс Себебі, жүктілік пен босануға қатысты медициналық көмектің басым бөлігі МӘМС аясында көрсетіледі.

ЖҮМЫС ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛДЕР ЖҮМЫС БЕРУШІНІҢ АУДАРЫМДАРЫ ЕСЕБІНЕН, ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР ӨЗ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН, АЛ ЖҮМЫС ІСТЕМЕЙТІНДЕР – МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН САҚТАНДЫРЫЛАДЫ.

– **Жүкті әйел қашан және қай жерде есепке тұруы керек?**

– Әйел тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген емханада есепке алынады. Егер бұрын басқа емханада қызмет алған болса, қоныс аударуына байланысты жақын аймақтағы емханаға тіркелуі қажет. Жүктілік бойынша медициналық есепке 12 аптаға дейін тұрған жөн.

– **Жүкті әйелді есепке кім қояды?**

– Есепке алу үшін әйел тіркелген емхананың акушер-гинекологына жүгінеді. Қабылдау МӘМС аясында жүргізіледі және сақтандырылған мәртебесін талап етеді.

Егер әйел сақтандырылмаған болса, дәрігер жалпы практика немесе акушер қабылдауына жүгінуіне болады. Өйткені, бұл қызметтер ТМҚКК шеңберінде көрсетіледі.

Есепке тұрғаннан кейін және табыс болмаған жағдайда жүкті әйел жеңілдік санаты бойынша сақтандырылған мәртебесіне ие болады.

– **Жүкті әйелге емханада қандай медициналық қызметтер қолжетімді?**

– Есепке тұрғаннан кейін әйелдің жағдайы тұрақты бақылауға алынады. Жүктілік кезеңіне сәйкес зертханалық талдаулар, үш кезеңді перинаталдық скрининг аясында УДЗ зерттеулері, қажет болған жағдайда бейінді мамандардың кеңесі жүргізіледі.

Сонымен қатар әйел денсаулық жағдайына байланысты тәуліктік немесе күндізгі стационарға жолданады. Барлық қызметтер ТМҚКК және МӘМС аясында көрсетіледі.

– «Ана мен бала денсаулығы – денсаулық сақтау жүйесінің ерекше бақылауында. Сол себепті жүктілікті уақытылы есепке қойып, әр триместрде белгіленген тексерулерден өту маңызды. Бұл ана мен баланың денсаулығын қорғауға және асқынулардың алдын алуға көмектеседі», – деп қорытындылады ӘМСҚ өкілі Забира Оразалиева.

ДИПФЕЙК - АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

Алаяқтар үшін дипфейк кибершабуылдар жасау және конфиденциалды деректерді ұрлау құралдарының бірі болып табылады.

Дипфейк – бұл ЖИ-дің көмегімен өңделген фотосурет, бейне немесе аудио жазба. Аталған технология адамдардың бет-әлпетін жасауға, кез-келген дауысты, мимиканы келтіруге немесе сөйлеу кезінде адам ешқашан қолданбаған сөздерді қосуға мүмкіндік береді. Кейбір сервистер тек бір ғана суреттің немесе бірнеше секундтық дауыстық жазбаның көмегі арқылы дипфейк бейне немесе аудио жасай алады.

Дипфейктің көмегімен қаскүнемдер:

банктік шотқа қол жеткізу үшін бөтен адамның бейнесін қолдан жасай алады; қаржыны қолма-қол ақшаға айналдыра және жалған кредиттер ресімдей алады;

қайтыс болған адамның деректерін ұрлап алып, банктік онлайн-қызметтерге қол жеткізу үшін оған

«жан бітіре» және т. б. жасай алады.

Дипфейкті қалай асыратуға болады және оның құрғына түсін қалмау үшін не істеу қажет?

Келесі белгілерге назар аударыңыз: адамның біртүрлі көзін жыпылықтатуы, оның бейнеден жоғалып кетуі, қисынсыз сөздері, аздап кекештенуі немесе робот іспеттес сөйлеуі. Егер жақын адамыңыз немесе досыңыз қоңырау шалып, шұғыл ақша аударуды сұраса, әңгімені доғарыңыз және оған өзіңіз қоңырау шалыңыз. Сізге алаяқтар емес, шынымен оның қоңырау шалғанын тексеріңіз. Дипфейктерді қолданатын киберқылмыскерлермен күресудің негізгі тәсілі - пайдаланушылардың осындай алдау схемасы туралы хабардарлығын арттыру және цифрлық гигиенаны сақтау. Бұған қосымша, мамандандырылған онлайн қызметтердің көмегімен фото және бейнематериалдарды тексеру ұсынылады.

Есіңізде болсын: кіріске кенелуге кепілді тек алаяқтар

береді. Қаскүнемдер әртүрлі инвестициялық онлайн-платформаларда ақша табуға үгіттейді, оларға қатысу үшін жалған сайттарда өз деректеріңізді қалдырып, ұйымдастырушыларға аз мөлшерде ақша аудару керек. Танымал және құрметті адамдардың суреттерін қолданатын мұндай «жарнамаларға» сенуге болмайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тұрақты негізде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде қаржы ұйымдарының мобильді қосымшаларының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдап отырады. Қазіргі уақытта қаржы ұйымдарының клиенттерге қашықтан қызмет көрсету кезінде негізгі фактор ретінде биометрияны міндетті түрде пайдалана отырып, екі факторлық аутентификаттауды міндетті түрде қолдану бойынша талаптар қолданылууда.

ұйымында, сондай-ақ төлем картасы бойынша белгіленген лимит шегінде 150 АЕК дейін өтеу көзделсе.

Қандай құжаттар қажет:

1) сізді жәбірленуші деп тану туралы полиция қаулысы (ҚПК-нің 71-бабы), немесе

2) алаяқтық мән-жайларын жою жөнінде шаралар қабылдау туралы полицияның ұсынысы (ҚПК-нің 200-бабы).

- **Кредитор не істейді?**

Кредиттің көрсетілген бұзушылықтармен берілу фактісі анықталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде және құқық қорғау органдарының процессті құжаттары болған кезде берешекті есептен шығарады, кредиттік тарихқа өзгерістер енгізеді және ұсталған соманы қайтаратын.

Сот арқылы есептен шығару (соттың шешімі бойынша) негіздері Егер банк/МҚҰ тарапынан бұзушылықтың жасалғаны айқын болмаса, бірақ полицияның тергеп-тексеруі алаяқтық фактісін растаса.

- **Не болады?**

Полиция дәлелдер базасын жинайды және материалдарды сотқа тапсырады;

сот кредиттің алаяқтық жолмен ресімделу фактісін белгілейді және оның

банк/МҚҰ жасаған бұзушылықтардың салдарынан болғанын растайды.

Банктің/МҚҰ-ның негізгі бұзушылықтары:

үшінші тұлғаның клиенттің идентификаттау деректерін заңсыз алуы және пайдалануы (құрылғыларды қашықтан басқаруды қоса алғанда);

биометриялық идентификаттаудың бұзылуы;

алаяқтық белгілерін анықтау және тіркеу жөніндегі талаптарды сақтамау. Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін не болады?

Кредитор 10 жұмыс күнінен кешіктірмей:

мұндай кредит бойынша берешекті есептен шығаруға;

клиентке ұсталған немесе төленген соманы қайтаруға;

кредиттік тарихы жаңартуға міндетті.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ:

Полицияның процесстіқ құжатынсыз немесе сот шешімінсіз банк/МҚҰ кредиті есептен шығара алмайды. Есептен шығару қолданыстағы заңнама шегінде банктің/МҚҰ-ның белгіленген бұзушылықтары жағдайында ғана жүргізіледі.

Банк/МҚҰ талапты орындаудан бас тартқан кезде ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне eOtinish порталыарқылы шағым бериңіз.


ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ...

Бүгінде Қызылордаға сапарлатып келіп, салынған, салынып жатқан ғимараттарды санамалап, ел игілігіне пайдалануға берілген нысандардың жұмысына оң баға беріп кетіп жатқан үлкенді-кішілі лауазым иелері де, депутаттар да, үлгілі істерді үйренгісі келіп алыстағы Абайдан, жақындағы Жамбылдан келіп жатқан делегациялар да Қызылордадағы оң істерге “керемет” деп таңқалып жатады. Өралуан тақырыптағы республикалық форумдарға қатысуға басқа өңірлерден келгендер де Қызылорданы аралап көргеннен кейінгі жақсы әсерлерін жарияға жариялап жүр.

Сол сияқты әріптесіміз Гулжаханның «кеше Алматыдан келген қонақтарға қаланы көрсетпекші болып, сол жағалауға барып едік, таңғалдым. Бірі-бірінен өтетін керемет ғимараттар бой көтеріпті» дегені “Қызылорда кереметтері” туралы ой салды.

Оның үстіне алдында көпшілік бас қосқан жерде «Президент паркі» әңгіме болды. Саясатқа қатысы, билікте шаруасы жоқ қарапайым адамдар» Парк керемет болып жатыр, көпір үстінен өтіп бара жатқанда «Колесо» «көз тартады, Нәлібаев осындай идеяларды қайдан ойлап табады?» деп таңырқап жатты.

Нәлібаевтың мұндай идеяларды қайдан ойлап табатыны бізге де беймәлім. «Былай болу керек» деп болжам жасап, сәуегейлік ету ниетіміз де жоқ. Білетініміз «бәрі де Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен». Нәлібаев өзі ойлап шығарып жатқан жоқ.



Биылғы жылдың қазан айында 11 мың көрерменге арналған СТАДИОН ашылды. Ел де аң-таң, өзіміз де аң-таң. Бұндай стадион түске кірмеген.




Биылғы жылдың наурыз айының бас жағында «ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ» ашылды. Орталықтың іргетасы 2022-ші жылы қыркүйек айында қаланды. Құны 3,7 млрд. теңге тұрады. 1000 адам сияды.



Биылғы жылғы тағы бір жақсы жаңалық: мамыр айында «СЫР ЖҰЛДЫЗДАРЫ» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы ашылды. Балалардың өнерін, қабілетін дамытуға арналған қаржы «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетпейді.



Сол жылы шілде айында ҚАН ОРТАЛЫҒЫ ашылды. Құны 2,7 млрд. теңге. Жылына 10 мыңнан аса адам қан тапсыра алады.



Қайта жаңғыртудан өтіп жатқан «ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ПАРКІ» негізі 2007-ші жылы ашылған. Ашылған деген аты болмаса үнемі құлып тұратын. Әлі ашылмаса да, жасалып жатқан жұмыстарға қарағанда елден ел таңырқап жүргендей керемет көрікті орынға айналары сөзсіз.



Биылғы жылдың маусым айының бас жағында ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ арнайы стандартпен салынған жаңа ғимаратқа көшті. Жергілікті әкімдік «Samruk - Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен бірлесіп қаржыландырған. Мұражай директорының айтуынша «ең кереметі бұнда палеонтология залы бар».



Бұлардан бөлек ел игілігіне жарап жатқан «АНАҒА ТАҒЫМ», «ОТБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ», «ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ», КІРПІШ ЗАУЫТЫ, «ҚЫЗЫЛОРДА НАН КОМБИНАТЫ», «ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА МЕКТЕБІ», салынып жатқан «ДОСТЫҚ ҮЙІ», «ҚЫЗЫЛОРДА АРЕНАСЫ», ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ тағысын тағылары тағы бар...



Бұдан екі жыл бұрын, нақтылағанда 2023-ші жылдың қазан айында Н.Нәлібаев «Саутс-Ойл» компаниясының президенті С.Сейтжановпен Қызылорда қаласының сол жағалауынан 650 орындық МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ғимаратын салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Нәтижесінде биылғы маусым айынан бастап, Қызылорданың музыка өлеміне құлаш ұрған жастары жаңа колледжде білім ала бастады.